



ИСЛАМ ТАРИХЫ, ӨНЕРІ
МЕН МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



«ӘЗІРЕТ-СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМ ЖӘНЕ ЙАСАУИЙАНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫ



Девин ДиУис

Орталық Азиядағы Кубрауиһа тариқатының әлсіреуі

*The Eclipse of the Kubravīyah in Central Asia**

XII ғасырдан XIV ғасырға дейін Орталық Азияда үш ірі сопылық тариқат қалыптасты: Йасауиһа кейінірек Түркістан деп аталған қаладан шыққан Ходжа Ахмад Йасауиден тараған. Кубрауиһаның негізін Хорезмде Наджм ад-дин Кубра қалаған, ал Нақшбандиһа Бұхарадан шыққан Баха' ад-дин Нақшбандтың атымен аталған. Үшеуінің ішінде Йасауиһа тек Орталық Азиядағы тариқат болып қалды және түркі халықтарына ерекше ықпал етті. Нақшбандиһа бүкіл ислам әлемінде кеңінен тараған халықаралық тариқатқа айналды. Ол Орталық Азияда үлкен күш пен беделге ие болды. Сондай-ақ, бұл тариқат осы аймақтан тысқары жерлерге, әсіресе Үндістан мен Осман мемлекеті жерлеріне таралды. Ал Кубрауиһа болса, Орталық Азиядан тыс жерлерде көбірек дамыды және XVI ғасырдың соңына қарай өзінің туған аймағынан Нақшбандиһаның өсіп келе жатқан үстемдігі себебінен толықтай ығыстырылды.

Орталық Азиядағы Кубрауиһа тариқатының құлдырауы бұл аймақтағы сопылық туралы жалпы жарияланымдарда жиі назардан тыс қалып келеді. XIX және XX ғасырлардың зерттеушілері Кубрауиһаны Ресейдің бақылауы кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы маңызды сопылық бауырластықтардың қатарына қосқан.¹ Бұл пікір Наджм ад-дин Кубра кезеңінен бері оның күші әлсіремегендей әсер қалдырған. Алайда олардың ешқайсысында нақты Кубрауиһа шайхтары, «силсилалары» немесе негіздері туралы дәлелдер көрсетілмейді. Шын мәнінде, қазіргі Орталық Азияда Кубрауиһа тариқатының жалғыз маңызды мұрасы Наджм ад-дин Кубраның Көне Үргеніштегі (Түркменістан) кесенесі болып табылады.²

* Алғашқы жарияланған жері: DeWeese, Devin. *The Eclipse of the Kubravīyah in Central Asia*, in: *Iranian Studies*, Vol. 21, No. 1/2, Soviet and North American Studies on Central Asia (1988), pp. 45-83 (жаңадан басылған: DeWeese, Devin. *Studies on Sufism in Central Asia*. Variorum Collected Studies Series, Ashgate Variorum, 2012, Pt. I, 39 pp.).

1 Қар. Смирнов Е.Т., *Дервишизм в Туркестане* // Сборник материалов по мусульманству, том 1 (Санкт-Петербург, 1899), бб. 57-60, мұнда Кубрауиһа Хорезмде жақында ғана құлдырағаны айтылған; Бартольд өзінің «История культурной жизни Туркестана» (Ленинград, 1927) еңбегінде Кубрауиһа тариқатының Хорезмде осы күнге дейін кең тарағанын айтады (қар.: В.В. Бартольд, *Сочинения*, том II, часть 1, бб. 251-252). Осыған ұқсас пікірді С.М. Демидов «Суфизм в Туркмении» (Ашхабад: Ылым, 1978, б. 17) еңбегінде қолдайды. Хорезмде Кубрауиһаның осы күнге дейін жалғасы бар деп ұйғарған соңғы батыстық жұмыстардың ішінде Шанталь Лемерсье-Келкежейдің (Chantal Lemerrier-Quelquejay) «Sufi Brotherhoods in the USSR: A Historical Survey», *Central Asian Survey*, 2/4 (December 1983, б. 190) атты мақаласын және Александр Беннигсен мен Мари Броксаптың (Alexandre Bennigsen and Marie Broxup) «The Islamic Threat to the Soviet State» (New York: St. Martin's Press, 1983, б. 76) кітабын атап өтуге болады.

2 Кубра мазарының айналасында таралған ауызша аңыздар үшін қар.: Снесарев Г.П. Хорезмские легенды как источник по истории религиозных культов Средней Азии. Москва: Наука, 1983, бб. 142-158 және Снесаревтің бұрынғы еңбегі «Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма». Москва: Наука, 1969, бб. 269, 322. Кешеннің суреттері үшін, қар.: Пугаченкова Г.А. *Средняя Азия: справочник-путеводитель*

Оның кесенесінің болуы Хорезмде Кубрауийа белсенділігінің жалғасуының дәлелі ретінде қаралған, бірақ әдеби және тарихи деректер бойынша бізде Кубрауийа силсиласының Орталық Азияда жалғасуы туралы нақты ақпарат жоқ. Кубраның кесенесі алты ғасыр бойы діндарларды өзіне тартып келгенімен, оның мавзолейі тарихи тұрғыдан Нақшбандийа мен Йасауийа топтары үшін де зиярат ету орны болған. Ал XVI ғасырдан кейін Хорезмде Кубрауийа тариқатының жалғасқаны туралы тікелей дәлелдер жоқ. Дереккөздердің болмауы немесе оларда ешқандай мәліметтердің тіркелмеуі жағдайы болған кезде сопылық бауырластық сияқты құбылысты қарастыру қауіпті. Алайда «сопылық кітаптарда жазылмаған» деген дәйекке қарамастан, қолда бар тарихи деректер Кубрауийа тариқатының Орталық Азияда жоғалып кеткенін көрсетеді. Наджм ад-дин Кубра туралы естеліктер халық аңыздары мен оның кесенесіне құрмет көрсету арқылы ғана сақталған. Дегенмен, бұл естеліктер Кубрауийа силсиласы арқылы мәлімет түрінде сақталмаған.

Соған қарамастан, өз дәуірінде Кубрауийаның Орталық Азияда ықпалы күшті болды және ол кейінірек Нақшбандийа кеңінен дамытқан көптеген саяси, әлеуметтік және экономикалық іс-әрекеттердің бастаушысы болды. Орталық Азиядағы сопылықты зерттеу әлі де бастапқы кезеңінде қалып тұр және тіпті, Орталық Азиядағы маңызды тариқаттардың тарихы немесе доктринасы бойынша зерттеулер аз жасалған. Дегенмен, Кубрауийа тариқатының Орталық Азиядағы тарихын қарастыру пайдалы екені сөзсіз. Өйткені ол Орталық Азияның діни тарихындағы маңызды мәселелерді (сондай-ақ, Кубрауийа тариқатының кеңірек тарихын да) ашады. Осыған орай, бұл мақалада Кубрауийаның XIV ғасырға дейінгі Орталық Азиядағы ықпалына қысқаша шолу жасалады және XV-XVI ғасырларда Кубрауийаның қайта жандануы туралы жаңа пікірлер ұсынылады.³ Мақала әсіресе Нақшбандийа тариқатының ұйымдастырушылық және интеллектуалды күші Кубрауийаны, түптеп келгенде, басып озған маңызды дәуірге ерекше назар аударады. Сонымен қатар, ол Кубрауийа тариқатының Орталық Азиядағы құлдырау себептері туралы кейбір ойларды ұсынады.

Орталық Азиядағы алғашқы Кубрауийа: Бахарзи және Джанди тармақтары

Кубра тариқатының таралуы және оның сопылық ілімді нақты Кубрауийа тұрғысынан түсіндірілуі Наджм ад-дин Кубраның өлімінен кейін оның тікелей шәкірттері арқылы жүзеге асырылды. Тарихқа сүйенсек ол 618/1221 жылы моңғолдардың Хорезмді жаулап алу кезінде қайтыс болған. Кубраның алдыңғы қатарлы жеті шәкіртінің бірі (Маджа ад-дин Бағдади) Хорезмде өзінің ұстазынан бұрын қайтыс болды. Ал басқаларының көпшілігі (Джамал ад-дин Гили, Са'д ад-дин Хаммуий, Наджм ад-дин Рази және Рази ад-дин 'Али Лала) моңғол әскерлерінен батысқа қашқан хорезмдік діни және әдеби тұлғаларға қосылды. XIII ғасырдың соңында Гили, Хаммуий және Лала шәкірттері Илханилердің моңғол билігінде ерекше белсенді болды. Хаммуийдің ұлы әрі шәкірті Садр ад-дин Ибрахим Хаммуий Ғазан ханның (1295-1304 жж. билік еткен) исламды қабылдауына және Иранда

(Памятники искусства Советского Союза). Москва: Искусство, 1983, бб. 114-117 – иллюстрациялар және б. 379-ды қар.

3 Бұл мақаланың кейбір бөліктері автордың докторлық диссертациясының кіріспе бөлімдерінен өзгертіп алынған: “*The Kashf al-Hudā of Kamal ad-Din Husayn Khorezmi: A Fifteenth-Century Sufi Commentary on the Qasidat al-Burdah in Khorezmian Turkic* (Text Edition, Translation, and Historical Introduction)”, Ph.D. dissertation, Indiana University, 1985.

исламды қалпына келтіруге ықпал етті.⁴ Ал Кубраның шәкірттерінің тек екеуі ғана Орталық Азияда белсенді болып, жаңа моңғол билеушілері мен мұсылман емес түркі тайпаларының үлкен топтарын ислам әлеміне біріктіруге күш салды.

Бұл шәкірттердің ең танымалдысы – Сайф ад-дин Бахарзи (659/1261 ж. қ. б.),⁵ Бұхарада XIV ғасырға дейін дәуірлеп тұрған Кубрауия тармағын құрды. Сонымен қатар, ол Үндістандағы Фирдаусийа тариқатының рухани атасы да болды.⁶ Шын мәнінде, жалпы сопылық силсилаларды жинаушылардың мәліметтеріне сәйкес оның Орталық Азиядағы емес, Үндістандағы ұрпақтары белгілі болған. Әдеттегідей, Бахарзидің Үндістан мен Орталық Азиядағы тармақтары бір-бірінен мүлдем хабарсыз болған сияқты.

Алайда Бұхарадағы Бахарзи маңызды вақф мүліктеріне ие болды. Бұл вақф бес ғасыр бойы оның рухани және биологиялық ұрпақтарына мұра ретінде өтті. Бахарзи вақфының шығу тегі шайхтың Орталық Азиядағы жаңа моңғол билеушілері арасындағы беделіне негізделді. Бұл Сайф ад-диннің өмірі туралы Джувайнидің «Тарих-и джахан-гушай» еңбегінде айтылған. Джувайни Шыңғыс ханның төртінші ұлы Толудың әйелі және ұлы хан Мөңкенің анасы Сорқоқтани (649/1252 ж. қ. б.) туралы айтып, оның христиан болғанына қарамастан, былай деп жазады:

«Ол имамдар мен шайхтарға садақа мен сыйлықтар беріп, Мухаммадтың дініне қатысты қасиетті рәсімдерді қалпына келтіруге де тырысты. Осы мәлімдеменің дәлелі ретінде ол Бұхарада медресе салу үшін 1000 күміс балиш берген және сол ізгі негізге сәйкес шайх ал-ислам Сайф ад-дин Бахарзи әкімгер және басшы болуы керек деп бұйырды. Сондай-ақ, ол ауылдарды сатып алып, вақф жасауға және медреседе мұғалімдер мен студенттерді орналастыруға бұйрық берген».⁷

Осылайша құрылған вақф шайхтың отбасының басқаруында қалды және Сайф ад-диннің қабірі қосылғаннан кейін, ол зират орны ретінде Кубрауия әрекетінің Бұхарада орталығы болған сопылық ханақаға (жатақханаға) айналды. Дегенмен, Бахарзидің вақфының ауқымы туралы ең толық мәлімет оның немересі Абу-л-Мафахир Йахйаның (736/1355-1356 ж. қ. б.) заманынан алынды. Ол сондай-ақ, Бахарзиге арналған ең маңызды агиографиялық жазбалардың авторы болды. 1333 ж. араб саяхатшысы Ибн Баттута Бахарзидің қабіріне келіп, осы ханақада тұрған. Ол өзінің хикаяларында Шайх Йахйа Бахарзидің қонақжайлылығын және шайхтың

4 Қар. Karl Jahn, ed., *Geschichte Gāzān-Hāns aus dem Ta'rikh-i Mubārak-i Gāzānī des Rašīd al-Dīn Faḍlallāh b. 'Imād al-Daula Abū'l-Khair* (London: Luzac & Co.), 1940; Gibb Memorial Series, vol. 14, 66. 79-80; қар. сондай-ақ, A. Bausani, "Religion under the Mongols," *Cambridge History of Iran*, Vol. V (ed. J.A. Boyle) (Cambridge: Cambridge University Press, 1968), 66. 541-543; Манучихр Муртазави, *Тахқиқ дар бара-йи Илханан-и Иран* (Тегеран, 1341), 66. 23-24.

5 Бахарзи туралы, қар. Ирадж Афшар, "Сайф ад-дин Бахарзи," *Маджалла-йи Данишқада-йи адабийат-и Данишгах-и Техран*, 9/4 (1341/1962), 66. 28-74; бұл мақала француз тіліне қысқартылған түрде аударылып басылған: "Saif-al-Dīn Bāḥarzi": *A Locust's Leg: Studies in Honour of S.H. Taqizadeh* (London: Percy Lund, Humphries & Co., 1962), 66. 21-27.

6 Үндістандағы Фирдаусийа тариқаты туралы қар.: Bruce B. Lawrence, *Notes from a Distant Flute: The Extant Literature of pre-Mughal Indian Sufism* (Tehran: Imperial Iranian Academy of Philosophy, 1978), 66. 72-78; S.A.A. Rizvi, *A History of Sufism in India*, I (Delhi: Munshiram Naoharal Publishers, 1978), 66. 226-240. Қар. сондай-ақ: Sharafuddin Maneri: *The Hundred Letters*, tr. Paul Jackson, S.J. (New York: Paulist Press, 1980).

7 John Andrew Boyle, tr., *The History of the World-Conqueror* (Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 1958), II, 66. 552-553; осы хикая Рашид ад-диннің еңбегінде де пайда болады: *The Successors of Genghis Khan*, tr. J.A. Boyle (New York: Columbia University Press, 1971), 6. 200.

орнын қолдап тұрған едәуір вақфты атап өтеді.⁸ Одан да маңыздысы, 726/1326 және 734/1333 жылдардан қалған вақф құжаттары Абу-л-Мафахир Йахйаның атымен берілген. Бұл құжаттарда Бұхарадағы ауылдар, егістіктер мен бақтар туралы мәліметтер көрсетілген және олардың кірістері Сайф ад-дин Бахарзидің кесенесі мен ханақасын қолдауға жұмсалған. О.Д. Чехович жариялаған және аударған бұл құжаттар Бұхарадағы Кубрауия тариқатының кең көлемді материалдық негіздері мен мекеме басқармасының егжей-тегжейін түсінуге мүмкіндік береді.⁹

Вақфтың болғандығы туралы хабар мен оның кеңейтілуі, тіпті, XVIII ғасырда да жағасын тапты. Бұл Орталық Азияда сопылық тариқаттың вақф мүліктерін басқарғаны туралы алғашқы мысалы болды. Бұл Нақшбандийа тариқатының кейінгі рөлін алдын ала болжағандай болды. Нақшбандийаның Орталық Азия қоғамындағы рөліне тән көптеген сипаттар Бахарзи мен оның ізбасарларының іс-әрекеттерінде, кішігірім ауқымда болса да, көрініс тапты. Шайх моңғол билеушілерінің құрметіне ие болып, хан әулеті қаржыландырған исламдық мекемелерді басқару және экономикалық бақылау құқығын алды. Құрмет пен артықшылықтар вақфтың негізін қалаушының биологиялық және рухани ұрпақтарына беріліп отырды. Ал оның кесенесі халықтың құрмет көрсететін және қайырымдылық жасайтын орталығына айналды. Құрбандықтар мен вақф мүліктерінен түскен кірістер вақфты кеңейтуге жұмсалды, ал салықтан босатылған жерлердің өсуі тариқат пен оның көшбасшысының билеушілер мен халық арасындағы беделін арттырды.

Бахарзидің Бұхарадағы вақфы кейінгі Нақшбандийа иеліктерінің ауқымына жете алмады және Кубрауия вақфтарын басқару желісі ешқашан Нақшбандийа вақфтары сияқты үлгі бола алмады. Дегенмен, Бахарзи вақфының бір ерекше қыры назар аударуға тұрарлық. Вақфты қолдау үшін әр жерде жұмыс істеуге алынған құлдарды сатып алып, оларды босатуға арнайы қаражат бөлінген. Сонымен қатар, құжаттар вақф мүліктерінің жұмысында немесе олардан пайда көрген түрлі адамдарды айғақтайды.¹⁰ Босатылған құлдардың тізімі XIII ғасырдағы Орталық Азияға әкелінген әртүрлі топтарды (моңғолдар, қытайлар, орыстар және үндістерді қоса алғанда) исламға сіңіруге сопылық тариқаттың рухани және экономикалық билігінің қалай ықпал еткенін көрсетеді.

Нақшбандийаның кейінгі саяси рөлі де Бахарзидің моңғол билеуші топтарындағы ықпалымен алдын ала белгіленген еді. Шайхтың Шағатай ханның уәзірі Қутб ад-дин Хабаш-‘Амидке жазған хаты сақталып, оны В.В. Бартольд жариялаған.¹¹ Бұл хатта Сайф ад-дин кәпірлерге қызмет еткен ресми тұлғадан исламдық міндеттерге назар аударуды сұрайды. Ең маңыздысы, Бахарзи Жошы ұлысының (Алтын Орда) ханы Беркені исламға кіргізуде шешуші рөл атқарады. Бірқатар сенімді, ертедегі дереккөздер Беркенің Бұхарада Сайф ад-динмен кездескенін және 1257 жылы хан болған кезде оның басшылығымен исламды жария түрде қабылдағанын көрсетеді.¹²

8 Ибн Баттута. *Рихлат Ибн Баттута*. Бейрут: Дар Садир, 1379/1960, б. 368.

9 Чехович О.Д. *Бухарские документы XIV века* (Ташкент: Наука, 1965); қар. сондай-ақ, оның мақаласын: Новый источник по истории Бухары начала XIV века // *Проблемы востоковедения*, 1959, № 5, бб. 148-161.

10 Чехович, 1965, б. 184.

11 Бартольд, *Туркестан в эпоху монгольского нашествия*, часть 1, Тексты. Санкт-Петербург, 1898, б. 102.

12 Бахарзи мен Берке туралы қар.: Jean Richard, «La conversion de Berke at les débuts de l'Islamisation de la Horde d'Or», in : *Revue des études islamiques*, 35 (1967), бб. 173-184.

Үндістандағы Фирдаусийа тариқатынан бөлек, Бахарзидің ұрпақтары алғашқы үш атадан кейін жақсы танымал емес. Орталық Азиядағы оның ізбасарлары туралы біліміміз тек оның биологиялық ұрпақтарымен шектеледі. Бізде Сайф ад-диннен бастап Кубрауияның бір шайхы 'Абд ал-Қаййум Ходжаға дейін толық силсила бар. Бұл тұлға Абу-л-Мафахир Йахйа тарапынан жазылған Бахарзидің өмірбаянын 1255/1839 жылы бейімдеп құрастырған.¹³ Бұл Кубрауия силсиласының және Кубрауия ілімінің, кем дегенде, шайхтың өз ұрпақтары арасында Бұхарада сақталғанын көрсетеді. Алайда XIV ғасырдың басынан бастап бұл Кубрауия орталығы тарихи және биографиялық дереккөздерде тек Бахарзидің кесенесі орналасқан орын ретінде ғана айтылады. Ол Наджм ад-дин Кубраның кесенесі сияқты, жергілікті тұрғындар мен әртүрлі тариқаттардағы сопылар үшін зиярат орны болып қала берді.

Орталық Азиядағы Кубрауия тариқатының екінші тармағы туралы мәлімет Бахарзидің тармағына қарағанда мүлдем аз. Бұл тармақтың негізін қалаушы Баба Камал Джанди.¹⁴ Ол Хорезмде Наджм ад-дин Кубраның шәкірті болған. Бірақ моңғол шапқыншылығынан бұрын ұстазынан кетіп, Сырдарияның орта ағысы бойындағы «Түркістан еліне» барған. Оның есім-нисбасы төменгі Сырдария бойындағы маңызды қала Джандқа байланысты аталған. Алайда, агиографиялық жазбалар оны әрдайым «Джанди» деп атаса да, сол заманның дереккөздері оны «Сығнақи» деп атайды. Бұл оның Джандтан жоғары орналасқан Сығнақ қаласымен байланысын көрсетеді.¹⁵ Баба Камал Сырдариядан тысқары далалық түркі көшпенділері арасында 672/1273 жылға дейін белсенді болған және біз Сайф ад-дин Бахарзидің оның қызметінен хабардар болып, онымен хат алмасқанын білеміз.¹⁶

Бұл шайх пен оның силсиласы туралы аз ғана мәліметтер бар. Біз оларды Баба Камалдың алтыншы ұрпақтағы «рухани ұрпағы» 1430 жыдан кейін жазған «Джавахир ал-асрар»¹⁷ атты еңбекке кірген қысқаша хикая арқылы білеміз. Бұл «Джавахир ал-асрар» еңбегін Маулана Камал ад-дин Хусайн Хорезми Румидің «Маснави» еңбегіне түсіндірме (шарх) ретінде жазған, бірақ оның кіріспесіне Кубрауия силсиласы туралы мәліметтерді қосқан. «Джавахир ал-асрардағы» мәліметтерді Джами өзінің «Нафахат ал-унс» еңбегінде сілтеме бермей қолданған. Содан бері барлық кейінгі агиографиялық жазбалар Баба Камал Джанди туралы шатасқан мәліметтерді осы деректен алған. Хусайн Хорезмидің еңбегі оның силсиласын былай көрсетеді: Баба Камал Джанди > Маулана Ахмад б. Шамс ад-дин Муфти Джанди > Баха' ад-дин Кубрауи > Мухаммад Данишманд Маулана б. Шамс ад-дин Муфти Джанди > Абу-л-Футух б. Баха' ад-дин Кубрауи > Ходжа Абу-л-Вафайи Хорезми > Хусайн Хорезми. Ходжа Абу-л-Вафа 835/1431-1432 жылы қайтыс болған, ол белгілі хорезмдік ақын болған және оның Хусайн Хорезмидің шайхы

13 Абу-л-Мафахир Йахйаның «Аурад ал-ахбаб ва-фусус ал-адаб» атты еңбегін 'Абд ал-Қаййум Ходжа «Манақиб-и Сайф ад-дин Бахарзи» атымен кейінгі заманда бейімдеген шығармасы ӨР ШИИ-да екі нұсқада сақталған: инв. № 6965 (қолжазба сипаттамасы: СВР, том VIII, бб. 441-442, № 6002), пп. 1б-63б және инв. № 10802 (СВР, X, б. 250, № 6981), пп. 1б-27б.

14 Джами, *Нафахат ал-унс*, ред. Махди Тавхидипур (Тегеран, 1336/1947), б. 433.

15 ал-Йафи'и, *Мир'ат ал-джинан* (Бейрут: ал-А'лами кітапханасы, 1390/1970; Хайдарабад қайта басылымы, 1337-1339), IV, б. 41; Джамал Қарши, *Мулахақат ас-сурах*, ред. Бартольд, *Тексты*, бб. 151-152.

16 Бартольд, *Тексты*, б. 152.

17 *Джавахир ал-асрар*, Бодлеан кітапханасы қолжазбасы, Elliot 334, пп. 28а-б.

болғаны туралы мәлімет агиографиялық жазбалардан тыс дереккөздерден де жақсы белгілі.

Хусайн Хорезми – Баба Камал Джандидің Кубрауийа силсиласының соңғы белгілі өкілі. Ол көбінесе өзінің әдеби шығармаларымен танымал, бірақ, өкінішке қарай, оның өмірбаяны туралы мәліметтер аз. Оның жазбаларынан біз оның Дашт-и Қыпшақ көшпенділері арасына кем дегенде екі рет сапар жасағанын¹⁸ және Хорезмнің Тимурилер билеушісі Шах Маликке (1426 ж. қ. б.) кеңесші әрі сенімді тұлға ретінде қызмет еткенін білеміз. Тарихи дереккөздерде ол шамамен 834/1430 жылы Хорезмді көшпенді өзбектер конфедерациясының жаңа билеушісі атанған Абу-л-Хайр ханның әскерлері басып алған кезде белгілі болады. Бұл шайх ал-Бусиридің «Қасидат ал-бурда» шығармасына түркі тілінде «Кашф ал-һуда» атты түсіндірме (шарх) жазып, оны жас өзбек көсеміне арнады. Бұл еңбек Кубрауийа тариқатының шығу тегімен байланысты Орталық Азиядағы жалғыз түркі тіліндегі шығарма болып табылады және ол XV ғасырдың басына дейін ислам әлемінің шекарасындағы түркі халықтары арасында Кубрауийа тариқатының сақталғанын дәлелдейді.

Хусайн Хорезми қайтыс болғаннан кейін Баба Камал Джандидің Кубрауийа силсиласы аяқталған сияқты. Оның силсиласын жалғастыратын белгілі шәкірттері болмаған. Сонау Тимурилер әулеті мен өзбек көшпенділері арасында қалыптасқан саяси ықпалды Кубрауийа избасарлары емес, Йасауийа мен Нақшбандийа шайхтары жалғастырды. Джандидің силсиласы Орталық Азиядан біржола жоғалып кеткен. XV ғасырдың соңында басқа силсиладан шыққан Кубрауийа шайхтары Хорезмде қайта пайда болған. Алайда олар Хусайн Хорезми заманындағы Кубрауийаның бұл жердегі тарихынан мүлде бейхабар болған.

Хамаданийа силсиласы: Орталық Азияға қайта оралуы және Кубрауийаның бөлінуі

Орталық Азияда күшті Кубрауийа силсиласының қалпына келуі XIV ғасырдың екінші жартысында Саййид ‘Али Хамаданидің қызметімен басталды. Фирдаусийадан басқа, барлық аман қалған Кубрауийа тармақтары Наджм ад-дин Кубрамен байланысын Хамадани арқылы іздейді. Хамаданийаның Кубрауийа силсиласы үшін маңыздылығы соншалық, XV ғасырдан кейін Орталық Азия мен Үндістанда «Кубрауийа» іс жүзінде «Хамаданийа» деген атпен танымал болды. Хамадани өзінің байланысын Кубраның шәкірті Рази ад-дин ‘Али Лала (642/1244 ж. қ. б.) арқылы басталған силсилаға сүйене отырып жалғастырды. Бұл силсила Джамал ад-дин Ахмад Джурфаниға (669/1270 ж. қ. б.) жалғасқан. Одан әрі Нур ад-дин ‘Абд ар-Рахман Исфараиниге (717/1317 ж. қ. б.) және оның танымал шәкірті ‘Ала’ ад-Даула Симнаниге (736/1336 ж. қ. б.) дейін жалғасқан. Хамаданидің Симнани мен байланысы Симнанидің үш шәкірті арқылы орнады: Наджм ад-дин Мухаммад Азкани Исфараини, Тақи ад-дин ‘Али Дүсти және Шараф ад-дин Абу-л-Ма‘али Махмуд Маздақани (761/1359-1360 ж. қ. б.), соңғысы ең маңызды ықпал еткен болып саналады.

Симнаниге дейін Рази ад-дин ‘Али Лаладан тараған Кубрауийа силсиласы солтүстік-орталық Иран мен Хорасанның батыс шеткі аймақтарында шоғырланған

18 Хусайн Хорезми, Кунуз ал-хақа’иқ, British Library қолжазбасы Or. 12984, п. 4а; Йанбу’ ал-асрар фи нас’их ал-абрар, ред. Махди Диракшан (Тегеран: Интишарат-и Анджуман-и устадан-и забан ва адабийат-и фарси, № 7, 1360/1981), бб. 158-159, 224-225.

болатын. Шын мәнінде, Исфарайини өмірінің көп бөлігін Бағдадта өткізген және сол жерде жерленген. Бірақ Симнани өзінің шығыстағы туған қаласына оралды. Бұл кезеңде Орталық Азиядан шыққан бір ғана тұлға осы Кубрауия силсиласымен айқын байланысты болды. Оның нисбасына Самарқанд маңындағы ауылдың атауы берілген: Бурхан ад-дин Сағарджи. Бұл Бурхан ад-дин – Исфарайини мен Симнанидің шәкірті ретінде сипатталған.¹⁹ Ол кең ауқымда саяхат жасаған – Исфарайинимен байланысы Бағдадта болған сияқты, ал Ибн Баттута оны Үндістанда кездестірген.²⁰ Сонымен қатар, ол «Хытаймен» байланыстырылады (бірақ бұл жағдайда «Хытай» термині Қытайдың қай аймағын білдіретіні анық емес). Өкінішке қарай, оның өмірі туралы басқа мәліметтер жоқ. Ол Хытайда қайтыс болған және ұлы Абу Са'идке өзінің денесін Самарқандтағы Наджм ад-дин Басирдің (646/1249 ж. қ. б.) кесенесі маңында жерлеуді тапсырған.²¹ Оның кесенесі – атақты Рухабатта әлі күнге дейін тұр.

Симнанидің тікелей шәкірттерінің біразы Джамидің «Нафахат ал-унс» еңбегінен және сопылық силсиаларының кейінірек шыққан (XVIII ғасырдағы) бір жинағынан белгілі. Бұл жинақты Ахмад Кашмири (өзі Хамаданийа-Кубрауия шайхы болған) құрастырған.²² Сол шәкірттер шығыс аймақтармен байланысты есім-нисбаларға ие болған (мысалы, Мухсин Туркистани және 'Абдуллаһ Ғарджистани), бірақ, өкінішке қарай, біз олардың тек аттарын ғана білеміз. Осындай жағдай Ғарджистани мен Маздақанидің бірнеше шәкірттеріне де тән. Олардың есімдері Кубрауия тариқатының Хорасаннан Бадахшан, Ғарджистан және Кашмир арқылы шығысқа және оңтүстікке қарай таралғанын көрсетеді. Алайда, олардың өмірбаяндары белгісіз. Тек Хамадани арқылы біз Кубрауия әрекетінің Хорасаннан шығысқа таралуы туралы нақтырақ мәліметтер беретін дереккөздерге қол жеткізе аламыз.

Хамаданидің өмірі оның шәкірті Наджм ад-дин Джа'фар Бадахшидің «Хуласат ал-манақиб» атты өмірбаянына негізделген және оны Дж.К. Тойфель кеңінен зерттеген.²³ 714/1314 жылы Хамаданда туған, оның әкесі Илханилердің билігінде

19 Сағарджи Исфарайинидің және Симнанидің шәкірті болғаны туралы XVI ғасырдың аяғындағы Хусайн Карбала'и Табризидің «Равзат ал-джинан ва-джаннат ал-джанан» еңбегінде айтылады (ред. Джа'фар-Султан ал-Қурра'и, Тегеран, 1344/1965; Фарси мәтіндер сериясы, № 20), I, бб. 68-69; тек Исфарайини осы кезеңдегі тағы бір жұмыс «Рийаз ал-аулия» еңбегіндегі силсилада ғана аталады: Calcutta, Asiatic Society of Bengal, Curzon Collection қолжазбасы, № 704, пп. 110a-b. Бартольд (О погребении Тимура // *Сочинения*, II/2, бб. 434-435) қате түрде Сағарджиді Самарқанд әулиесі Наджм ад-дин Басирдің шәкірті деп санайды, ол Басирдің бейітінің жанында жерленген. Herman Landolt Сағарджиді Исфарайини мен Симнани хаттарында айтылған «Бурхан ад-дин Армалиғи» деп санауға болады деп ұсынады (басылымға қар.: *Correspondence spirituelle échangée entre Nuroddin Esfarayeni (ob. 717/1317) et son disciple 'Alaoddawleh Semnani (ob. 736/1336)* (Teheran: Departement d'Iranology Franko-Iranien de Recherche, 1972; *Bibliothèque Iranienne*, № 21), introduction, бб. 8-9), бірақ бұл сәйкестендірудің тәуелсіз дәлелі жоқ.

20 Қар.: *Voyages d'Ibn Battuta*, ed. & tr. C. Defremery and B.R. Sanguinetti (Paris, 1854; қайта басылымы, Paris: Éditions Anthropos Paris, 1969), III, б. 255, IV, бб. 126-127.

21 Қар.: Бартольд, «О погребении», бб. 434-435; Рисала-йи Хазрат Қутб ал-ақтаб Нур ад-дин Басир, РҒА ШҚИ қолжазбасы, No. B 4464, п. 195b; Абу Тахир Ходжа Самарқанди, Самарийа, ред. Ирадж Афшар (Тегеран: Интишарат-и Фарханг-и Иран-замин, № 9, 1343), б. 73.

22 Ахмад Кашмири. Шаджара-йи табақат-и маша'их. ӨР ШИ қолжазбасы 1426 (CBP, III, бб. 361-362, № 2686).

23 J.K. Teufel, *Eine Lebensbeschreibung des Scheichs 'Ali-i Hamadāni (gestorben 1385): Die Xulāṣat al-Manāqib des Maulānā Nūr ud-Dīn Caḡar-i Badaxši* (Лейден: E.J. Brill, 1962). Хамадани туралы,

губернатор болып қызмет еткен. Амир Сайид 'Али б. Шихаб ад-дин Хамадани он екі жасында Махмуд Маздақанидің муриді болды, бірақ өзінің басты шайхының бұйрығы бойынша өмірінің көп бөлігін әлемді аралаумен өткізді. Ол уақыттың көп бөлігін шығыс ислам әлемінде, Үндістанға дейін жетіп, өткізген. Айтылғандай, ол 33 шайхтан, нақтырақ айтқанда оның ішінде Бурхан ад-дин Сағарджиден де, доктриналық оқытуға рұқсат беретін *иджаза* немесе «лицензия» алған. Өз қаласына шайх ретінде оралғаннан кейін, Хамадани саяхаттарын жалғастырып, Бадахшан, Хутталан, Ладак және Кашмирдің шығыс аймақтарында көп уақыт өткізген. Кейінгі жазбаларда оның Кашмирге келуі Амир Тимурдың Хамаданнан Сайидтерді қуғанынан кейін болған деп айтылады. Бірақ бұл мәліметтер сол кезеңнің тарихи дереккөздерінде немесе Хамаданидің алғашқы өмірбаяндарында расталмайды.²⁴ Тарих бойынша, ол Кашмирдің исламдандырылуына ықпал еткен. Сондай-ақ, дәл сол жерде, Сринагарда, ол «Ханақа-йи му'алла» деп аталатын сопылық қонақ үйін құрған. Хамаданидің ұлы Сайид Мухаммадтың атына 797/1396 жылы берілген ханақа вақыфының ресурстары туралы құжат Кашмирдегі ең ескі вақф мекемесінікі болып табылады.²⁵ Сайид 'Али 786/1385 жылы қайтыс болды және Кашмирде емес, оның шәкірті тұрған Хутталаңда жерленді. Оның кесенесі бүгінгі күнде Тәжікстанның оңтүстігіндегі Куляб қаласында тұр.²⁶

Хамаданидің тікелей шәкірттері арасында қазіргі Ауғанстанның солтүстік-шығыс аймақтарымен және Тәжікстанның көршілес аймақтарымен байланысты есім-нисбалары бар бірнеше адам болған. Оның басты өмірбаянын жазушы Джа'фар Бадахши айтқандай, оның еңбегінде Шамс ад-дин Хутталани, Мухаммад Талиқани және Қауам ад-дин Бадахшилер аталады. Алайда, Хамаданидің шәкірттерінің исламның шығыс шекараларындағы діни және саяси ықпал ету мүмкіндігі қызықты болжамдар тудырады. Әсіресе, Амир Тимурдың шығуы кезінде олардың ықпалына ерекше назар аударарлық нәрсе. Дегенмен, осы Орталық Азия өкілдерінің өмір жолдары туралы ақпарат жоқ болып шықты. Хамаданидің басты шәкірті Ходжа Исхак Хутталанидің өмірі басқаша болды, оның қызметі Кубрауия тарихындағы шешуші кезеңді айқындады. Кубра > Лала > Джурфани > Исфараини

қар. сондай-ақ, А.А. Hekmat, «Les voyages d'un mystique persan de Hamadan au Kashmir», *Journal Asiatique*, 240 (1952), 66. 53-66; M. Molé, «Les Kubrawiyya entre sunnisme et shiisme aux huitième et neuvième siècles de l'hégire», *Revue des études islamiques*, 29 (1961), 66. 110-124; Molé, «Profession de foi de deux Kubrawis: 'Ali Hamadāni et Muhammad Nūrbakhsh», *Bulletin d'Études Orientales*, 17 (1961-62), 66. 133-204; Molé, «Kubrawiyyat II: Ali b. Šihābeddīn-i Hamadānī'nin Risāla-i futuvvātiyya'si», *Şarkiyat Mecmuası*, 4 (1961), 66. 33-72; F. Meier, «Die Welt der Urbilder bei 'Ali Hamadāni (d. 1385)», *Eranos-Jahrbuch*, 18 (1950), 66. 115-172; М. Султанов, Идейные истоки формирования мировоззрения Али Хамадани // *Известия АН ТаджССР*, Отделение общественных наук, 1982, № 4, 66. 43-47 (тәжік тілінде); Мухаммад Рийаз Хан, «Хададат-и Амир-и Кабир Мир Сайид 'Али Хамадани дар шабх-и қарах-и Пакистан ва Хинд (қарн-и хаштум)», *Ма'ариф-и ислами* (Тегеран), № 6 (1347), 66. 95-99; және оның, «Матн-и мактубат-и Мир Сайид 'Али Хамадани», *Маджалла-йи Данишқада-йи адабийат ва 'улум-и инсани* (Тегеран), 21 (1353/1974-1975), 66. 33-36.

24 Қар.: Rizvi, *History of Sufism in India*, I, 66. 291-292; Abdul Qaiyum Rafiqi, *Sufism in Kashmir from the Fourteenth to the Sixteenth Century* (Varanasi: Bharitya Publishing House, 1972), 66. 31-85; P.K. Parmu, *A History of Muslim Rule in Kashmir 1320-1819* (Delhi: People's Publishing House, 1969), 66. 101-114; Prithvi Nath Kaul Bamzai, *A History of Kashmir* (New Delhi: Metropolitan Book Company, 2nd ed., 1973), 66. 525-527.

25 Қар.: Parmu, *History of Muslim Rule*, б. 104, мәтін және аудармасымен бірге 66. 467-475; Rafiqi, *Sufism in Kashmir*, б. XVIII, осы құжаттың түпнұсқалығына күмән келтіреді.

26 Қар.: Teufel, *Lebensbeschreibung*, 66. 35-36.

> Симнани > Маздакани > Хамадани > Хутталани силсиласы барлық дереккөздерде қабылданып, осы тұлғаларға замандас немесе шамамен сол кезеңдегі еңбектерде жақсы дәлелденген. Алайда, Ходжа Исхақ Хутталаниден кейін Кубрауия силсиласында үлкен бөліну болды. Бұл бөліну Хутталанидің өліміне байланысты жағдайлармен және Кубрауияның Орталық Азиядағы Тимурилер әулетімен қақтығысына себеп болған саяси жағдайлармен бірге тариқаттың әлсіреуіне және оның ықпалының төмендеуіне әкелді. Дәл осы уақытта Нақшбандия Орталық Азияда өзінің әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайын нығайта бастаған еді.

Кубрауия тариқатының бөлінуі кеңінен талқыланбаған және бұл мәселемен айналысқан зерттеушілердің дереккөздерге толық қол жеткізе алмауы қиындық туғызған. Дереккөздер силсиланың бөліну желісі бойынша ерекшеленеді, бірақ бір тармақтың ирандық шиіттік (Захабийя) бағыты мен екінші негізгі тармақтан (Нурбахшия) шыққан еңбектер Орталық Азиядағы алғашқы тармақ өкілдерінің дереккөздеріне қарағанда жақсы танымал. Бөлінуді кеңінен зерттегендер Ричард Грамлих²⁷ пен Мариян Моле болды.²⁸ Ал Хамид Алгардың Кубра туралы мақаласы²⁹ және Сайид Амир Арджомандтың соңғы еңбектері пайдалы тарихи шолулар ұсынады.³⁰ Алайда, бұл ғалымдардың барлығы кейінгі Иран тұрғысынан жұмыс істеген, ал шешуші оқиғалар Орталық Азияда орын алған. Шын мәнінде, Грамлих, Моле және Аржоманд Орталық Азиядағы Ходжа Исхақ Хутталаниден шыққан силсилалардан хабарсыз болған сияқты.

Кубрауия тариқатының бөлінуі туралы ең танымал мәлімет кешірек ирандық дереккөзден алынған, ол Нуруллаһ Шуштари жазған «Маджалис ал-му'минин» (1010/1602) және сол дереккөзге сүйенген басқа еңбектерден алынған.³¹ Шуштари Нурбахшия тұрғысынан жазған және шын мәнінде қарсыласы Захабийяға қатаң қарсы болған. Бұл мәліметке сәйкес, Ходжа Исхақ Хутталани өзінің жас шәкірті Сайид Мухаммад Нурбахштың ерекше қасиеттерін түс көру арқылы мойындаған. Ол Нурбахшты өзінің мұрагері ретінде тағайындап қана қоймай, оған Сайид 'Али Хамаданидің хырқасын кигізген. Сонымен қатар, Нурбахшты Махди деп жариялаған. Ходжа Исхақ өз шәкірттерін Нурбахшқа сеніп тапсырған. Алайда олардың бірі, Сайид 'Абдуллаһ Барзишабади, Нурбахшты тариқаттың басшысы ретінде мойындаудан бас тартып, кетіп қалған. Сонда Ходжа Исхақ: «Захаба 'Абдуллаһ» («'Абдуллаһ кетіп қалды») деп жариялаған, содан кейін Барзишабадиден тараған Кубрауия тармағы солай аталып кеткен. Нурбахшты Махди ретінде жариялағаны көп ұзамай Тимурилер әулетінің билеушісі Шахрухтың күдігін тудырған. Ол 826/1423 жылы көтеріліс қаупін жою үшін шағын әскер жібереді. Нәтижесінде, Нурбахш жақтастарымен болған шайқаста Ходжа Исхақ

27 Richard Gramlich, *Die schiitischen Derwischorden Persiens*, erster Teil: *Die Affiliationen* (Wiesbaden: Franz Steiner Verlag, 1965; Abhandlungen für die Kunde des Morgenlandes, XXXVI, 1), 66. 14-16.

28 Molé, «Les Kubrawiyya», 66. 125-126.

29 Hamid Algar, «Kubrā», *EP* V, 66. 300-301; сондай-ақ, оның Разидің басты еңбегінің аудармасына кіріспесін қар., Hamid Algar, *The Path of God's Bondsmen from Origin to Return* (*Mersād al-'ebād men elā'l-ma'ād*), *A Sufi Compendium by Najm al-Dīn Rāzi known as Dāya* (Delmar, New York: Caravan Books, for Persian Heritage Series, 1982), 66. 2-7.

30 Said Amir Arjomand, *The Shadow of God and the Hidden Imam: Religion, Political Order, and Societal Change in Shi'ite Iran from the Beginning to 1890* (Chicago: University of Chicago Press, 1984), 66. 74-76, 114-116.

31 Нуруллаһ Шуштари, *Маджалис ал-му'минин* (Тегеран, 1299/1881-1882), II, 66. 144-149; қар. Ма'сум 'Али Шах, *Тара'иқ ал-хадд'иқ* (Тегеран, 1339-1345/1960-1966), II, 66. 338-340.

қайтыс болады. Саййид Мухаммад Нурбахш тұтқындалып, Шахрух оны Ходжа Исхақтың қолындағы құрал ретінде кешіріп, одан Хутталани жасаған мәлімдемелерден бас тартуын талап етеді. Нурбахш Ходжа Исхақтан «мұраға алған» шәкірттерге діни жетекшілік етуге қайтып оралады. Бірақ жас саййидшілердің көтеріліске шығу қаупі пайда болғанда, Шахрух 840/1436 жылы Нурбахшты Гератқа шақырып, оны «Махди» немесе «Халифа» атағына қатысты кез келген мүддеден ашық түрде бас тартуға мәжбүр етеді.

Кубрауийа тариқатының бөлінуі туралы екінші мәлімет айқын және біржақты, бұл Нурбахшия көзқарасын көрсетеді. Бірақ ол Нурбахштың қарсыласы болған Орталық Азиядағы ізбасарларын зерттеушілердің аз білуіне байланысты, сондай-ақ, Нурбахштың шииттік ұстанымын Кубрауийа ілімінен түбегейлі ауытқу емес, оның бастапқыдан «прото-шииттік» деп саналатын тариқат ішіндегі доктриналық дамудың нәтижесі ретінде қабылдауға бейімділікке байланыс кеңінен қабылданды. Осылайша, Моле, Граммах және Алгар Барзишабадиді бөлінуші деп көрсетіп, Нурбахштың «Махди» болу туралы талабын Ходжа Исхаққа жүктейді, ал Арджоманд маңызды Захабийа дереккөзін атап өткенмен, онда Кубрауийа бөлінуі туралы баяндамаға назар аудармай, тек стандартты көзқарасты келтіреді. Алайда, Захабийа дереккөзін Саййид Абдуллах Барзишабадиден бастау алатын Захабийаға жатпайтын Орталық Азия дәстүрімен біріктіргенде, біз Кубрауийа бөлінуі мен Ходжа Исхақ Хутталанидің өліміне қатысты әлдеқайда нанымды сценарийді қалпына келтіре аламыз.

Сырттай қарағанда, Ходжа Исхақтың өлімі туралы Нурбахшия мәліметі шынайы болып көрінеді. Бұл оқиға ешбір Тимурилер әулетінің тарихи дереккөздерінде айтылмағанымен, ол Шахрухтың сарайындағы қатаң сунниттік ұстанымға сәйкес келеді. Бұл ұстаным тек шииттік діни-саяси әрекеттерге ғана емес, сонымен қатар, сопылық шайхтарға да қорқыныш пен күдік тудырған.³² Тимурдың, Шахрухтың әкесінің кезінде-ақ, Мауараннахр мен Хорасанда жартылай исламданған түркі көшпенділері арасында шииттік сопылық ықпалдың күшеюінен қорқу танымал Шах Ни'матуллаһ Вали Кирманиді (834/1431 ж. қ. б.) сол аймақтардан қудалауға алып келді. Ни'матуллаһ негізін қалаған шииттік тариқаттың дереккөздерінде Нақшбандийаға дейінгі Ходжаганийа әулиесі Саййид Амир Куладдың Тимурға Ни'матуллаһтың ықпалы көтеріліске әкелуі мүмкін екенін ескертіп, оны қудалауға кеңес бергені айтылады.³³

Жоғарыда айтылған Захабийа дереккөзі Ходжа Исхақ Хутталанидің өмірі туралы құнды мәлімет береді. Ол Нурбахш оқиғасы мен Ходжа Исхақтың өлімін басқа қырынан көрсетеді. Бұл дереккөз Хусайн Карбала'и Табризидің шамамен 990/1582 жылы жазған «Равзат ал-джинан ва джаннат ал-джанан» атты еңбегі болып табылады. Карбала'идың әкесі Нурбахштың қарсыласы 'Абдуллах Барзишабадиден тараған Саййид Ахмад Лаланың (912/1507 ж. қ. б.) шәкірті болған.

32 Осы уақытта Хусайн Хорезми Шахрухтың сарайына Гератқа, көрнекі түрде оның мистикалық газалы бойынша күпірлік айыптарына жауап беру үшін шақырылды (қар. Науа'и, *Мажолисун нафис: илмий-танқидий текст*, ред. Суйима Ғаниева (Ташкент: Фан, 1961), бб. 9-10; Хондамир, *Хабиб ас-суйар* (Тегеран, 1339/1960, IV, б. 9). Сопы ақын Қасим-и Анвар да Гератқа Шахрухқа қарсы қастандыққа қатысы бар деген күдікпен 830/1426-1427 жылы шақырылды (Arjomand, *Shadow*, б. 74).

33 Қар. Jean Aubin, ред., *Matériaux pour la biographie de Shah Nimatullah Wali Kermani* (Tehran: Département d'Iranologie de l'Institut Franco-Iranien, 1956; Bibliothèque Iranienne, vol. VII), introduction, бб. 13-14.

Көрнекті әулиелерге арналған бұл еңбек автордың рухани силсиласын Наджм ад-дин Кубраға дейін толықтай қамтиды.

«Равзат ал-джинанға» сәйкес,³⁴ Ходжа Исхақ Хутталани, Саййид ‘Али Хамаданидің басты шәкірті болған. Ол 730 немесе 731/1330-1331 жылдары Хутталанда дүниеге келген. Оның әкесі Амир ‘Алишах Хутталани (осы дереккөзде оны «Амир Арамшах» деп те атайды) болған. Ходжа Исхақтың әкесінің Хутталанның жергілікті билеуші әулетімен байланысы болғанын ескерсек, 773/1372 жылы Амир Суфиге қолдау көрсеткені үшін жазаланғаны қызық.³⁵ Шын мәнінде, Карбала’и Ходжа Исхақтың Саййид ‘Али Хамаданиға адалдығын көрсететін екі түсініксіз оқиғаны сипаттай отырып, Хутталанидің Тимурға қатысты «отбасылық» жаугершілігін меңзейді.

Карбала’идың айтуынша, Ходжа Исхақ Хамаданиді қолдағанын Тимурдың сарайында оған қарсы айтылған жала мен күдіктерге қарамастан көрсетті. Хикаяға сәйкес, Хамаданидің Хутталанда болуы үлкен дүрбелең тудырғандықтан, оның қарсыластары Тимурға оның ықпалының күшейіп жатқаны туралы ескерткен және Хамадани саяси билікке ұмтылып жатыр деп айыптаған. Олар Хамаданидің шәкірттері арасында «Амир Арамшахтың» ұлы Ходжа Исхақ Хутталани бар екенін айтқан. Тимур оның әкесінің бұрын өз жеріне араласқанын ескере отырып, Ходжа Исхақтың Хамаданидің қарсыластары сипаттаған қиындықтардың ықтимал бастаушысы деп санаған. Алайда, Хамадани Тимурдың алдына шақыртырылғанда, Ходжа Исхақ ордаға асығып, ұстазынан бұрын келген.

Хикаяға сәйкес, Ходжа Исхақ Тимурдың алдына қара сәлде тағып келеді. Бұл оның ашуын келтіреді. Амир оны құрметсіздік пен бүлікшілдіктің белгісі деп қабылдап, Хутталаниді («бұл кішкентай моңғол») тұтқындауды және оның басынан сәлдесін алуды бұйырды. Ходжа сәлдені тек басын кесіп алғанда ғана беретінін мәлімдегенде, Тимурдың көңіл күйі кенеттен өзгерді және ол бұйрықты өзгертті. Тимур: «Оған зиян тимеуі үшін 2000 қыпшақ жылқысын берсін», – деп бұйырды. Ходжа Исхақ 1200 жылқы беруге келісті және сол үшін босатылды.

Бұл келісімнен кейін Хамадани Тимурдың алдына жеткізілді және ол өзінің шәкіртінен де бағыл әрекет еткенімен аман қалды. Карбала’идың айтуынша, саййид ешқашан артын құбылаға қаратып отырмайтыны белгілі болған. Алайда, Тимурдың қабылдауында оған берілген орын оны солай жасауға мәжбүрледі. Хамадани бұйрық бойынша отырды және Тимур одан неге құбылаға артын бұрғанын сұрады. Саййид: «Кім де кім сізге жүзін бұрса, оның арқа жағы міндетті түрде құбылаға қарап тұрады», – деп жауап берді.³⁶ Амир тағы да ашуланды, бірақ Хамадани оған өзінің саяси билікке ұмтымайтынын түсіндірді. Ол бір көрген түсін сипаттап берді, онда оған тағам ұсынылған, бірақ ол хадисте айтылғандай: «Дүние – өлік, оны

34 Карбала’и (қар. жоғарыда, ескерту 19), II, бб. 243-250.

35 Шараф ад-дин ‘Али Язди, *Зафарнома*, факсимильді басылымды А. Урунбаев дайындаған (Ташкент: Фан, 1972), п. 148b; Йазди Кайхусраудың бауырларының бірі ретінде Кайқубадты (пп. 138b-139a) атайды; қар. С.Е. Bosworth, «Khuttalāni», in: *EF* V, б. 76. Кайхусраудың өлімі, сондай-ақ, «Муджмал-и Фасихи» еңбегінде (XV ғасырдың ортасында құрастырылған) ескертіледі; қар. сондай-ақ, Mirza Muhammad Haydar Dughlat, *Tārīkh-i Rashīdī*, tr., N. Elias and E. Denison Ross, *History of the Moghuls of Central Asia* (London: Curzon Press, 2nd ed., 1898), бб. 21, 24 және Бартольд, Улутбек и его время // *Сочинения*, II/2, бб. 42-43.

36 Бұл хикаяның кейінірек танымал болған версиясы (оны Рафиқи кашмирлік дереккөздерге сілтеме беріп атап өтеді: Rafiqi, *Sufism in Kashmir*, б. 33), Хамадани құбылаға қарап тұруы үшін Тимурдың сарайын айналғанын айтады.

іздегендер – иттер» деген сөзге сәйкес, ақсақ ит тағамды алуға шыққанын көріп, оны алудан бас тартқанын айтты. Тимур бұл сөздерден өзінің әлемді жаулап алатынын түсініп, саййидтан кешірім сұрады. Дегенмен, Хамадани оның кешірімдерін қабылдамай, Құдайдың оған Кашмирге барып, исламды насихаттау туралы бұйрық бергенін, сондықтан Хутталаңда болғанын ғана айтты. Содан кейін ол Ходжа Исфахпен бірге Хутталаңға қайта оралды.

Карбала'идың хикаясы осылай. Ходжа Исфах пен Хамаданидің Тимурмен кездесулері қалай байланысқаны анық емес. Хикаяның мақсаты Ходжа Исфахтың ұстазына адалдығын көрсету болғанымен, ол әңгіме де нақты растамаған. Ходжа Исфахтың Тимурдың алдына барғаны туралы оқиға қысқаша ғана баяндалған және бұл дереккөзде әр шайхтың Тимур алдында батылдық танытқанын көрсету үшін екі бөлек оқиға біріктірілген болуы мүмкін. Карбала'идың Ходжа Исфахтан кейін келетін Хамаданидің өмірбаянында осы немесе басқа кездесу туралы ешқандай мәлімет жоқ және Ходжа Исфах пен Тимур арасындағы қастық Хамаданиға қосымша дәлел беру үшін қолданылған болуы мүмкін деген де болжам бар. Бұрын атап өткендей, Хамадани мен Тимур арасындағы кез келген кездесуді ерте дереккөздер растамайды. Карбала'и әдетте Хамаданиді сипаттау үшін Джа'фар Бадахшидің еңбегіне сілтеме жасайды, бірақ мұндай оқиға онда жоқ. Сондықтан, Карбала'и Ходжа Исфах силсиласы арқылы жеткен дәстүрді шынайы жазып отыр ма, жоқ па, оны айту қиын. Қалай болғанда да, бұл хикая Тимурдың ертеректегі карьерасына көбірек тиесілі. Бұл Хамаданидің Хутталаңда болған кезеңіне (773-774/1371-1372)³⁷ және Тимурға қарсы шыққаны үшін ханзада Хутталанидың өлімі кезеңіне сәйкес келуі мүмкін.

Хикаяның нанымдылығынан бөлек, ең маңыздысы – Ходжа Исфах Хутталани мен Тимур арасындағы қастықтың дәлелі. Егер біз Хамаданидің амирге деген менсінбеушілігін ескеретін болсақ, онда Ходжа Исфахтың Тимурға деген жеке қастығы мен шайхының рухани қолдауын қоса қарастыруымыз керек. Дәл осы дұшпандық Ходжаның шамамен елу жылдан кейін, саяси амбициялары бар деп күдік тудырған тағы бір саййидпен байланысты оқиғада қайтыс болуына негіз болған. Карбала'идың бұл оқиға туралы хикаясы Нурбахш оқиғасының барынша ақылға қонымды және сенімді нұсқасын береді.

Карбала'идың айтуынша, Хутталанидің шәкірттерінің бірі Саййид Мухаммад Нурбахшты Гератта кездестіргеннен кейін Ходжа Исфахқа ұсынып, таныстырған. Нурбахш Ходжа Исфахтың шәкірттерінің қатарына кіріп, тақуалықты қатаң ұстанған және әдеттегідей, бірқатар жас шәкірттерді тәрбиелеуге жауапты болған. Осы шәкірттердің бірі түсінде саййидтің үстіне көктен жарық сәуле түсіп, одан қалған шәкірттерге таралғанын көрген. Бұл көрген түс туралы білгеннен кейін Ходжа Исфах оған «Нурбахш» деген есімді берген. Бірақ Саййид 'Абдуллаһ Барзишабади Ходжа Исфахқа қызметке келгенде, оның барлық шәкірттері, соның ішінде Нурбахш та, Барзишабадиге тапсырылған. Нурбахш шәкіртінің көрген түсін өзінің Махди екендігінің дәлелі деп есептеді. Бірақ ол бұл мәселені Барзишабадиден талқылағанда, Барзишабади бұл пікірімен келіспеді. Нурбахш оның келіспегенін қызғаныш деп қабылдап, өз жақтастарымен бірге Ходжа Исфахқа барып, оның Махди мәртебесін көтеруін сұрайды. «Жағдай осылай өрбіп, бұл ұзақ уақыт айтылып жүрді. Ақыр соңында Ходжа [Саййид] Махди дәрежесін қабылдады. Өйткені ол кезде Ходжа қартайып, әлсіреп, күші кетіп қалған еді. Дервиштердің

37 Teufel, *Lebensbeschreibung*, бб. 30-31.

ауыртпалығынан шаршағандықтан, өз істері мен мәселелерін Мир Сайид 'Абдуллаһға тапсырды».

Сайид 'Абдуллаһ Ходжа Исхақтың Нурбахштың мүдделеріне келіскенін естігенде, өз шайхына барып ол түстің Нурбахш айтқандай мағынасы жоқ екенін және оны қате жорылғанын айтты. Ходжа келісіп, өз пікірінен қайтты, «алайда осы түстің дәні жүрегіне себілгені соншалық, оны тоқтату мүмкін болмады». Сондықтан Ходжа 'Абдуллаһ Барзишабадиді тариқат істері үшін жақын жердегі Мунк қаласына жібергенде, Нурбахштың жақтастары осы сәтті пайдаланып, өздерінің әрекеттерін бастады. Бұл Хутталан, Бадахшан және көршілес аймақтарда дүрбелең туғызды.

«Мирза Шахрухқа Ходжа Исхақ жас сайидті «Махди» деп жариялап, оны билеуші етіп қойғаны және оны «Имам» деп атағаны туралы хабар жетті», – хикая осылай жалғасады. Шахрух әскер жіберді және одан кейін болған шайқаста Ходжа Исхақтың екі ұлы және 80-нен астам сопы қайтыс болды. Нурбахш тұтқындалып, түрмеге қамалды. Бірақ, Карбала'идың жазуынша, «Мирза Шахрухтың қызметінде Ходжа Исхақтың ата-бабаларының арасынан шыққан амирлерге байланысты бұрыннан жауласып жүргендер бар еді. Сонымен қатар, олар Шахрухты жаңылыстырып, бұл жас сайидті кінәлі деп санаудың қажеті жоқ, себебі оның пірі оған «сен Махди» деп айтқанын, сондықтан оны босату керектігін айтты». Алайда Ходжа Исхақ өлім жазасына кесіліп, 827/1424 жылдың рамазан айында 96 жасында өлтірілді.³⁸ Ол шейіт болғаннан кейін, оның жақтастары аспаннан қан жауғанын көрген. Бұл Ходжа Исхақтың «Құдайдың орынбасарларының» (абдал) құтбы болғанының белгісі деп түсіндірілді.

Карбала'идың хикаясы Кубрауийа тариқатының бөлінуін Нурбахштың «Махди» болуға ұмтылуымен байланыстырады. Бірақ Ходжа Исхақтың «Махди» деген мүддені алғашында мақұлдағанын мойындайды. Нурбахшийа хикаясымен салыстырғанда, бұл Захабийа хикаясы орынды әрі ақылға қонымды көрінеді. Егер бұл хикая тек Нурбахшты қаралап, Барзишабадидің Ходжа Исхақтың заңды мұрагері екенін дәлелдеу үшін ғана жазылған болса, онда Ходжа Исхақтың Нурбахштың талабын әу баста мақұлдағанын жоққа шығарар еді. Немесе мұны жақсырақ жасырып қояр еді. Алайда Карбала'идың хикаясы техникалық тұрғыдан Нурбахшийаның Ходжаның олардың негізін қалаушыны «Махди» деп мойындағаны туралы талабын қолдайды, сондай-ақ, Ходжа Исхақтың мақұлдауын қайтарып алғанына қарамастан, оның қайғылы өлімінің алдын алу мүмкін болмағанын мойындайды. Дегенмен, Захабийа дереккөзінде Ходжа Исхақтың Нурбахштың қасиеттерін мойындағанына қарамастан, Барзишабадиді мұрагері ретінде тағайындағаны күмәнсіз екені айтылады. Ходжа Исхақтың нақты пікірі ақыры белгісіз болып қалады. Алайда Нурбахшийа мен Захабийа нұсқаларын теңдей қарастырғанда да, Ходжа Исхақтың Нурбахшпен байланысы оның Тимур әулетінің қолдаушыларына қарсы тұрған саяси ұстанымының бір сылтауы болғаны көрінеді. Бұл Ходжа Исхақтың қайғылы тағдырына ықпал еткен факторлардың бірі болғаны анық. Ходжа Исхақтың шейіт болуы оның шәкіртін «Имам» немесе «Махди» деп жариялауына емес, Тимур мен оның ұлының қолдаушыларына қарсы саяси

38 «Равзат ал-джинан» (п. 119b) оның қайтыс болған жылын 826 деп береді (Шуштариге сәйкес), бірақ оның қайтыс болған кезде 91 жаста болғанын айтады; Rafiqi (*Sufism in Kashmir*, б. 97) Хутталанидің туған жылын 735/1334 деп берген кашмирлік дереккөзді айтады (бұл «Рийаз ал-аулийа» еңбегінде берілген жасқа сәйкес келеді), бірақ оның қайтыс болған заманын 816/1413 жыл деп көрсетеді, бірақ бұл соңғысы қате болуы мүмкін.

ұстанымының салдары болды. Себебі, Нурбахштың өзі босатылып, оған ешқандай ауыр жаза қолданылған жоқ. Тек кейіннен «Халифа» авторитетіне қатысты қайта қойған мүдделерінен бас тартқызылды.

Кубрауиия тариқатының Орталық Азияның оңтүстік-шығыс аймақтарына енуі шайхтың жергілікті әулеттік билеушілермен байланысына әкелген сияқты. Бұл билеушілер Шағатай ұлысының ыдырау кезеңінде күшейіп, біртіндеп Тимурдың Орталық Азияны қайта біріктіруіне қарсы тұра алмай жеңіліске ұшырады. Саййид 'Али Хамадани Гераттағы Карт әулетінің мүшесі Султан Гийас ад-дин Пир 'Алимен қарым-қатынаста болды³⁹ және Бадахшан мен Хутталанның жергілікті билеушілерімен тығыз байланыста болған.⁴⁰ Ол Кашмирге барғаннан кейін, өзі мен оның ұлы – Саййид Мухаммад Хамадани, Султан Қутб ад-дин мен Султан Сикандарға айтарлықтай ықпал етті. Бұл уақытта аймақта мұсылман билігі алғаш рет нығайып келе жатқан еді.⁴¹ Бұл жергілікті үш әулет Тимур үшін қауіпті болып саналды. Герат пен Бадахшанның билеушілері толығымен жойылды, ал Кашмир сұлтандығы вассалдыққа айналды. Хамаданидің басты мұрагері Ходжа Исхак та Хуттаан амирлерімен тығыз байланыста болған сияқты, бірақ олар да Тимурмен күресте жеңіліс тапты. Ақырында, Ходжа Исхактың өзі де Тимурға қарсы байланыстары үшін жазаға тартылды. Қысқаша айтқанда, XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басындағы Орталық Азиядағы Кубрауиия шайхтары Тимурдың қарсыластарын қолдады. Ал олардың жеңілісі Кубрауиияның саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайына зиян тигізді. Бұл тариқат Тимур әулетінің Орталық Азияны қайта біріктіру жетістігінің құрбанына айналды және бұл Кубрауиия силсиласындағы бөлінумен бірге оның рухани және зияткерлік күші мен Орталық Азиядағы қоғамдағы ықпалын әлсіреткен сияқты.

Кубрауиия-Хамадани тарихатына келер болсақ, Ходжа Исхак Хутталанидің өмірінің соңына қарай күшейген бөлініс, Барзишабадиден гөрі Нурбахшқа байланысты болды. Бұл тек Карбала'идің Кубрауиия бөлінуі туралы хикаясының шынайы болғаны себебінен емес немесе Нурбахштың діни және саяси көзқарастарының өзінен бұрынғы адамдардың көзқарастарынан айтарлықтай айырмашылығы болғаны себебінен ғана емес.⁴² Сонымен қатар, XVI ғасырға дейін Орталық Азияда қалған Кубрауиия силсиласы желілерінен алынған дәлелдермен де бұл бөлініс расталады. Сонымен қатар, Барзишабадиді Захабия тариқатының тікелей негізін қалаушысы ретінде қарастыратын кейінгі ирандық көзқарасты да қабылдауға болмайды. Өйткені Барзишабадидің ізбасарлары Захабия тариқатының шииттік бағытқа өтуіне қатысы жоқ Орталық Азиядағы силсилаларды қамтиды. Енді Барзишабадидің Орталық Азиядағы ізбасарларына тоқталмас бұрын, Кубрауиия тариқатының Нурбахшия және Захабия тармақтарының дамуын қысқаша қарастыра аламыз.

Саййид Мухаммад Нурбахштың ізбасарлары туралы мәліметтер негізінен ирандық деректерден, әсіресе жоғарыда айтылған Шустари еңбегінен алынған. Нурбахштың өзі 869/1464-1465 жылы қайтыс болғанынан кейін, оның тариқатын

39 Teufel, *Lebensbeschreibung*, б. 28; қар. Parmu, *History of Muslim Rule*, бб. 115-126; Bamzai, *History of Kashmir*, бб. 527-528.

40 Teufel, *Lebensbeschreibung*, бб. 30-31.

41 Қар. Parmu, *History of Muslim Rule*, бб. 115-116; Bamzai, *History of Kashmir*, бб. 527-528.

42 Тіпті Моле, Кубрауиия доктринасында бастапқыдан-ақ шиит элементінің күшті екенін көрсе де, Хамадани мен Хутталани суннит болғанын және тек Нурбахшта шииттік теологияның дамығанын мойындады («Les Kubrawiyya», бб. 124-126, 137).

ұлы Шах Қасим (912/1506-1507 ж. қ. б.) басқарған.⁴³ Иранда Нурбахшия шайхтары Шираз, Шуштар, Йазд және Рей қалаларында танымал болған. Ал бұл тариқаттың кейінгі өкілдері Сафавилер билеушілерімен қақтығыстарға түскені белгілі. Шах Тахмасп Нурбахшияны басып-жаныштағанымен, ол Иранда XVIII ғасырда ұйымдасқан шииттік сопылық тариқат ретінде қайта жандану үшін жасырын түрде өмір сүруін жалғастырды. Шығыста Нурбахштың немересі Шах Баха' ад-дин бір кездері Тимурилер әулетінің билеушісі Хусайн Байқараға қызмет етті.⁴⁴ Ал Шах Қасимның тағы бір шәкірті, атақты Шамс ад-дин 'Ирақи (933/1526 ж. қ. б.), алғашында Тимур әулетінің сұлтанының елшісі ретінде Кашмирге барған. 'Ирақи онда Нурбахшия қозғалысын ұйымдастыруға үлкен ықпал еткен. Сол үшін оны Мирза Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» еңбегінде қатты айыптаған.⁴⁵ Бұл бағыт XVII ғасырда Кашмирдегі Моғол губернаторлары тарапынан жойылғанымен, едәуір қауым Балтистанға қашып барып, XIX ғасырға дейін Нурбахшия орталығы ретінде танымал болған.⁴⁶

Нурбахштың қарсыласы, Саййид 'Абдуллаһ Барзишабади, Ирандағы Захабийя тариқатының басында тұр. Грамлих пен Арджоманд оның тарихын баяндаған,⁴⁷ бірақ олар Барзишабадиден тараған Орталық Азиядағы тармақтар туралы білмеген. Шын мәнінде, «Захабийя» термині тек Ирандағы Барзишабади силсиласының шииттік болып кеткен тармақтарына қолданылатын жалпы атау болып табылады және белгілі бір біртұтас силсилаға сілтеме жасамайды.⁴⁸ Грамлих зерттеген Захабийя силсиласы қазіргі ғасырға дейін жетеді (ол негізінен «Маджалис ал-мұминин» мен Ма'сум 'Али Шахтың «Тара'иқ ал-хада'иқ» еңбектеріне, сондай-ақ, басқа ирандық дереккөздерге сүйенеді). Ол Барзишабадидің үшінші буын мұрагері және Орталық Азия силсилаларындағы маңызды тұлға Хаджжи Мухаммад Хабушанидің (937/1530-1531 ж. қ. б.) ізбасары болған Ғулам 'Али Нишапуриге барып тіреледі. Ал «Равзат ал-джинан» еңбегінің авторы Хусайн Карбала'идың мүше болған Захабийя силсиласы Барзишабадидің тікелей шәкіртіне – Саййид Ахмад Лалаға барып тіреледі. Ахмад Лала⁴⁹ – Хусайн Карбала'идың арғы атасы, Шах Исма'ил Сафавидің серігі болған, ал оның ұрпақтары Табризде Захабийя шайхтары ретінде белсенді қызмет атқарған. Бұл тармақтардың қашан шииттік бағытты қабылдағаны белгісіз, бірақ бұл өзгеріс XVI ғасырдың ортасында болған болуы керек. Қалай болғанда да, Табриздегі Захабийя Карбала'идың кезеңінен кейін сақталмады, ал Иранда тек Ғулам 'Али Нишапуридің силсиласы ғана белсенді болып қалды.

43 Қар. Gramlich, *Schiitischen*, 66. 14-15; Arjomand, *Shadow*, 6. 115.

44 Arjomand, *Shadow*, 6. 115.

45 Elias and Ross, tr., *History*, 66. 434-435; қар. Rizvi, *History of Sufism in India*, I, 66. 298-299, Parmu, *History of Muslim Rule*, 66. 195-196 және ескертпелер 88-90.

46 Қар. Parmu, *History of Muslim Rule*, 66. 195-196 және ескертпелер 88-90.

47 Арджомандтың Захабийя силсиласы туралы хикаясы (*Shadow*, 66. 114-115) Хаджжи Мухаммад Хабушани туралы қате мәлімет береді. Мұнда 'Абдуллаһ Барзишабади айтылуы керек; ол Кубрауиия бөлінісі Нурбахш пен Хабушани ізбасарларының арасында болғанын айтады, шындығында Хабушани – Нурбахштың замандасы Барзишабадидің үшінші ұрпақ мұрагері болған.

48 Gramlich, *Schiitischen*, I, 66. 16-18; *Tapa'иқ*, III, 6. 345.

49 Қар. Arjomand, *Shadow*, 66. 114-115 (мұнда Лала Хабушанидің шәкірті деп қате айтылған); Карбала'и, 66. 109-206.

XV ғасырдағы Барзишабадидің Орталық Азиядағы ізбасарлары

Ходжа Исхақ Хутталанидің Саййид ‘Абдуллаһ Барзишабади арқылы Орталық Азиядағы ізбасарлары туралы ақпаратты негізінен осы аймақтағы Кубрауиша шеңберлерінен алынған дереккөздерден білуге болады. Карбала’идың «Равзат ал-джинан» еңбегінде Барзишабади туралы ең толық мәлімет берілген. Бірақ оның шәкірттерінен тек Саййид Ахмад Лала туралы ғана ұзақ баяндалады. Қалған мұрагерлері тек қысқаша түрде Хаджи Мухаммад Хабушани мен оның ізбасарларына дейін ғана айтылған. Нуруллаһ Шуштари мен Ма‘сум ‘Али Шахтың еңбектері Барзишабадиден Хабушаниге дейін тікелей мұрагерлерінің өмірбаянын береді, бірақ олардың баяндары негізінен жасанды болып табылады. Джамидің «Нафахат ал-унс» еңбегі Хутталанидің алдында тоқтағандықтан, Кубрауиша шайхтары туралы ақпарат беру жағынан енді пайдалы емес. Алайда Джамидің еңбегінің шағатай түрік тіліне бейімделген нұсқасы – Мир ‘Али Шир Науа’идің «Наса’им ал-махабба» еңбегі Барзишабади мен оның алғашқы екі ізбасарын атап өткен (өте қысқа баяндалған болса да) ең ерте дереккөз ретінде құнды.⁵⁰

Кубрауиша тарихын зерттеушілердің көпшілігіне таныс емес Орталық Азия дереккөздері ең пайдалы мәліметтерді береді. Бұл дереккөздер Хабушанидің екі шәкіртімен байланысты сопылық орталардан шыққан. Бірі – Хорезмде және Самарқандта белсенді қызмет еткен Шайх Камал ад-дин Хусайн Хорезми. Оның өмірбаянына арналған екі еңбек бар. Төменде талқыланған бұл дереккөздерде Хорезмидің рухани силсиласы баяндалады, бірақ Кубрауиша тариқатындағы алдыңғы шайхтар туралы аз ақпарат берілген. Алайда, екінші шәкірт Шайх Мухаммад аз-Захид ал-Джами ал-Балхи туралы «Рийаз ал-аулийа» атты «өмірбаяндық» еңбек бар. Бұл еңбек Барзишабадидің Орталық Азиядағы ізбасарларының қызметтері туралы өте құнды дереккөз болып табылады.

«Рийаз ал-аулийаны» XVI ғасырдың соңында ал-Балхидің шәкірті жазған. Ол тек Калькуттадағы Азия қоғамының кітапханасында сақталған бірегей қолжазба ретінде белгілі. Бұл еңбек 1926 жылы Ивановтың Курзон жинағының каталогында сипатталған.⁵¹ Онда қолжазбаның Орталық Азия сопылығы зерттеулеріне құнды дереккөз екені атап өтілгенімен, «Рийаз ал-аулийа» Кубрауиша тариқаты бойынша дереккөз ретінде әлі күнге дейін қолданылмаған. Тіпті, Фриц Майердің Наджм ад-дин Кубраның өмірі туралы дереккөздердің толық тізімінде де бұл еңбек жоқ.⁵² Тойфель Ивановтың сипаттамасын атап өткен болса да,⁵³ мәтіннің өзін зерттемеген. Еңбектің көп бөлігі исламға дейінгі пайғамбарларға, Мухаммадқа, халифтерге және ерте дәуірдегі сопыларға арналған. Бірақ жиырмадан астам парақ Кубрадан Мухаммад Балхиге дейінгі Кубрауиша шайхтарының силсиласына арналған. Әр шайхтың шәкірттері туралы силсилалар әр өмірбаянға қоса берілген. Егер оның баяндаулары Кубра, Лала, Симнани және Хамадани туралы ескі дереккөздермен салыстырылса, «Рийаз ал-аулийа» Кубрауиша тарихының ертеректегі кезеңдеріне қатысты да құнды дерек болатыны анық. Автор «Нафахат

50 Haya’i, *Nesayimü'l-mahabbe min şemayimi'l-fütüvve*, ed. Kemal Eraslan (İstanbul: İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Yayınları № 2654, 1979), 66. 394-395.

51 W. Ivanov, *Concise Descriptive Catalogue of the Persian Manuscripts in the Curzon Collection, Asiatic Society of Bengal* (Calcutta, 1926), 66. 467-468, № 704.

52 Fritz Meier, ed., *Die Fawā’ih al-Gamāl wa-Fawā’ih al-Ġalāl des Nağm ad-Dīn al-Kubrā: eine Darstellung mystischer Erfahrungen im Islam aus der Zeit um 1200 n. Chr.* (Wiesbaden: Franz Steiner Verlag, 1957), 66. 1-5.

53 Teufel, *Lebensbeschreibung*, 66. 10, 57, 74, 93.

ал-унсты» көрсетіп өтсе де, бұл еңбекте қосымша көптеген мәлімет бар. Дегенмен, біздің мүдделеріміз үшін бұл еңбектің маңызы Ходжа Исхақ Хутталаниден бастап автордың ұстазына дейінгі Кубрауи́я шайхтары туралы ақпаратта жатыр.

Хутталанидің шейіт болуына әкелген оқиғалар бұл еңбекте айтылмаған. Сондай-ақ, Кубрауи́я тари́қатының бөлінуі туралы да ешқандай мәлімет жоқ. «Рийаз ал-аулийа» Нурбахшты Ходжа Исхақтың шәкірті ретінде атап өтеді, бірақ оның қойған мүдделері немесе Барзишабадидің қарсылығы туралы айтылмайды (дегенмен, соңғы аталған шайхтың силсиласы жалғасады). Мұнда Ходжа Исхаққа қосылған жалғыз мәліметтер оның 826/1423 жылы қайтыс болғаны (бұл Шуштаридің деректерімен сәйкес келеді, бірақ Карбала'идың деректерімен бірдей емес) және оның қайтыс болғанда 91 жаста (96 емес) болғаны туралы жазылған. Сондай-ақ, Хутталани шейіт болғанда, оның денесі Балхта (оның өлімі болған жерде) қалдырылғаны, басы Хутталанға аттандырылғаны және «бас терісі» Кабулға жіберілгені жазылған.⁵⁴

Барзишабади туралы «Равзат ал-джинан» еңбегінде кеңінен айтылғанымен, «Рийаз ал-аулийа» қосымша құнды ақпарат береді. Карбала'и⁵⁵ Барзишабадидің толық силсиласын және оның отбасы тарихын баяндайды. Оның атасы Низам ад-дин 'Али Илханилер билеушілері Арғун, Газан, Өлджейтү және Абу Са'идтің қызметінде болған және 'Ала' ад-Даула Симнани мен оның шәкірті 'Абдуллаһ Ғарджистанидің оқушысы болған. Низам ад-дин Барзишабад мекеніне (Тус, Машхад маңында) қоныстанған. Онда оның ұлы 'Абд ал-Хайй (819/1416 ж. қ. б.) және немересі 'Абдуллаһ дүниеге келген. Барзишабади 789/1387 жылдың шағбан айында дүниеге келіп, өмірінің көп бөлігін басқа шайхтардың қызметінде өткізген. Кейін Ходжа Исхақ Хутталанидің бас халифасы болды. Маңыздысы, Саййид 'Абдуллаһтың мистикалық дайындығының көп бөлігі оның әкесінің қайтыс болғаннан кейін көрген түсінде ұсынған шайхы: атақты бұхаралық Нақшбанди́я шайхы Ходжа Мухаммад Парсадан (822/1420 ж. қ. б.) алынған. Барзишабади Парсадан 821/1419 жылы *иджаза* алған.⁵⁶ Ол Нақшбанди́я шайхтары Хасан 'Аттар (Баха' ад-дин Нақшбандтың басты шәкірті 'Ала' ад-дин 'Аттардың шәкірті) және Йа'куб Чархи қызметінде де болып, олардан да *иджаза* алған. Карбала'и және «Рийаз ал-аулийа» еңбектерінде Барзишабади кездескен және сөйлескен бірнеше басқа шайхтар, соның ішінде Йасауи́я тари́қатымен байланысы бар шайхтар да аталады. Ол шайхтарды іздеген саяхаттары оны Бұхарадан Самарқандқа, солтүстікте Шымкентке дейін алып барған. Одан кейін Термез, Сағанийан және Қундуз арқылы Хутталанға оралған.

Карбала'и Ходжа Исхақтың Барзишабадиге берген *иджазатнамасының* мәтінін (ол 825/1422 жылдың 25 наурузында жазылған) береді. Дереккөздің хронологиясы бойынша, бұл Хутталанидің шейіт болуынан екі жыл бұрын болған. Негізгі ұстазы қайтыс болғаннан кейін, Барзишабади аймақтың билеушісі Султан Байазидтің өтініші бойынша төрт ай Хутталанда қалған. Бірақ содан кейін Хорасандағы Тус аймағына қайтып оралған. Ол 872/1467-1468 жылы қайтыс болып, Барзишабадта жерленген.⁵⁷ Карбала'и Тус, Хабушан, Исфарайин, Шиқан, Рутамдар, Симнан, Мазандаран, Дамаванд, Рум және Әзербайжаннан келген дәруіштердің оның

54 Рийаз ал-аулийа, пп. 119b-120a.

55 Карбала'и, II, бб. 207-243.

56 Мәтін Карбала'и бойынша берілген, II, бб. 218-222.

57 Карбала'и редакторына сәйкес, оның қабірі әлі күнге дейін зиярат ету орны болып табылады (II, б. 582).

тәлімін іздеп келгенін жазады. Оның шәкірттерінің бірі – көбінесе Нақшбандийа шайхы Ходжа Ахрардың ізбасары ретінде танымал Тимурилер сұлтаны Абу Са'ид (873/1469 ж. қ. б.). Карбала'и Барзишабадидің 27 халифасының тізімін береді және бұл тізім «Рийаз ал-аулийа» тізіміндегі 19 халифадан едәуір ерекшеленеді. Екі тізімдегі бірдей есімдерді ескерсек, Барзишабадидің шәкірті деп аталған кемінде 40 тұлғаның есімі кездеседі. Олардың көпшілігі батыс Хорасанмен байланысты. Бірнешеуі Машхад аймағынан шыққан, ал біреуі бадахшандық, тағы бірі кашмирлік және бір хытайлық шәкірт бар. Маулана Мухаммад Амин Самарқанди Хорезми және Маулана Хусайн Хорезми – Орталық Азияның өзінен шыққан шәкірттері ретінде аталған екі-ақ тұлға.

Екі нұсқада да жоқ, бірақ кейінгі дереккөзде Барзишабадидің шәкірті ретінде сипатталған тұлға 'Абд ал-Ваххаб Ходжа, оның немересі Баха' ад-дин Нисари Бухари 974/1566 жылы «Музаккир-и ахбаб» еңбегін құрастырған.⁵⁸ Бұл еңбек Джами мен Науа'и дәуірінен кейінгі Орталық Азия шайхтары мен ақындарына арналған. 'Абд ал-Ваххаб Ходжа Йасауийа шайхтарының отбасынан шыққан, оның силсиласы атақты Занги Атаның халифасы Садр Атаға дейін барады. «Музаккир» бұл Йасауийа шайхының бұрын айтылған Кубрауийа силсиласындағы Баба Камал Джандидің соңғы белгілі өкілі Хусайн Хорезмиден сыртқы (захири) ғылымдарды алғанын да атап өтеді.

Оның силсиласының жалғасуы тұрғысынан алғанда, Барзишабадидің ең маңызды шәкірті – Шайх Рашид ад-дин Мухаммад б. Шайх 'Али Бидавази,⁵⁹ сондай-ақ, «Исфарайини» есім-нисбасымен танымал болған. «Равзат ал-джинан» тек оның атын ғана атап өтеді.⁶⁰ Ал Науа'идің «Наса'им ал-махабба» еңбегінде оның қабірі Тус/Машхад аймағындағы Бидаваз қаласында екені жазылған. Алайда «Рийаз ал-аулийа» еңбегінде оның «Мисбах» деп аталатын өлең жазғаны, сондай-ақ, Шабистаридің «Гүлшан-и раз» еңбегіне түсініктеме жазғаны айтылған. Сонымен қатар, ол Кубрауийа силсиласына 'Ала' ад-дин Симнани арқылы басқа жолмен де қосылғаны баяндалған. Симнанидің шәкірті Мухаммад Азкани – Хаджжи Хусайн Исфарайинидің шайхы болған. Ал Хаджжи Хусайн Исфарайини Бидавазиге тәлім берген. «Мисбах-и Рашиди» бірнеше қолжазба ретінде сақталған.⁶¹ Бұл еңбек 852/1448-1449 жылы автор шайхының (Барзишабадидің) рұқсатымен жазылған және дидактикалық сопылық маснави ретінде сипатталады.

«Рийаз ал-аулийа» еңбегінде Рашид ад-дин Бидавазидің 12 шәкірті аталған. Олардың есім-нисбалары Бадахши, Табадхани, Йами, Астарабади, Қазвини және Руми болып келеді. Бұл тұлғалардың ешқайсысы, силсила арқылы орталық халифа болған Шайх Шах 'Али б. Мухаммад Бидавази туралы мәліметтерден басқа жерде айтылмаған. Бұл «Шайх Шах» туралы Науа'и мен Карбала'и жазған, бірақ «Рийаз ал-аулийа» еңбегінде оның өмірбаяны туралы өте аз мәлімет бар. Біз тек 895/1489-1490 жылы оның әлі тірі болғанын білеміз, себебі оның өзінің басты шәкірті Хаджжи

58 Музаккир-и ахбаб, ред. Syed Muhammad Fazlullah (Хайдарабад, Османия университеті, Да'иратул-Ма'ариф баспасы, 1969), б. 500; қар. introduction, б. 39.

59 Оны алғаш атаған дерек Науа'идің «Наса'им ал-махабба» шығармасында (ред. Ераслан, б. 394) оның нисбасын «Бидвази» деп береді; қар. Карбала'и, II, бб. 580-581.

60 Карбала'и, II, б. 241.

61 «Мисбах-и Рашиди»-дің қолжазба нұсқалары: Calcutta, Asiatic Society (Ivanov, ASB, бб. 261-262, № 602); Bodlean Cat. I, б. 784, № 1268; British Library, Rieu, II, бб. 640-641; бұл жұмыс, сондай-ақ, төменде талқыланған «Джаддат ал-'ашиқин» еңбегінде де аталған, Aligarh қолжазбасы, Maulana Azad Library, Aligarh Muslim University, Subhanullah Collection, № 297.71/1, пп. 9а, 11а.

Мухаммад Хабушаниге берген *хатт-и иршадта* осы *тарих* көрсетілген. Оның мәтіні «Рийаз ал-аулийа» еңбегінде айтылған.⁶² Науа'и оның «өз қаласында» жерленгенін айтады.⁶³ Бірақ XVII ғасырдағы Орталық Азия энциклопедиялық еңбегі «Бахр ал-асрарда» Махмуд б. Вали «Шайх Шах 'Али» Хорезмде жерленген көрнекті шайхтардың бірі ретінде аталады.⁶⁴ Бұл мәліметтің шын мәнінде Шайх Шах 'Али Бидавазиге қатысты болуы әбден мүмкін. Себебі оның басты шәкірті де Хорезмде жерленген, бірақ екі тұлғаның өлімінің жағдайлары бізге жақсы белгілі болмағандықтан, қайшылықты деректерді түсіндіру қиын. Екі мәлімет те дұрыс болуы мүмкін. Шайх Шахтың денесі алғаш Тус аймағында жерленіп, кейін ізбасарлары оны Хорезмге көшірген болуы мүмкін. Осындай жағдай Кубраның шәкірті Маджд ад-дин Бағдадидің мысалында да кездеседі. Ол Хорезмде шейіт болып, бастапқыда Нишапурда жерленген, кейіннен Исфараинға көшірілген.⁶⁵ Оның қайтыс болған күні туралы ақпарат жоқ. Шайх Шах пен Хабушанидің Хорезмде жерленуі немесе сол жерге көшірілуі Хорасандағы X/XVI ғасырдың басындағы оқиғалармен байланысты болуы мүмкін. Әсіресе Машхадтың бірнеше рет қолдан-қолға өтуі және Өзбектер мен Сафавилердің шабуылдарынан зардап шегуі назар аудартады. Бұл жағдайлар олардың көшірілуіне себеп болуы ықтимал деген болжам жасауға болады.

Қалай болғанда да, «Рийаз ал-аулийа» еңбегінде Шайх Шах 'Али Бидавазидің тоғыз халифасы аталған, бірақ олардың ешқайсысы басқа дереккөздерден табылмаған. Сонымен қатар, Карбала'и⁶⁶ Табриз маңындағы Бадамиийр ауылынан шыққан белгілі бір Маулана Илйас туралы жазады. Оның шайхы, Маулана 'Абд ал-Хайй Гавруди, Шайх Шахтың муриді болған. Дегенмен, Бидавазидің басты мұрагері – Хаджжи Мухаммад б. Ходжа Джалал ад-дин Йусуф Хабушани, ол «Рийаз ал-аулийа» және Хусайн Хорезмидің өмірбаянында «Махдум-и А'зам» ретінде белгілі (жас шамасы сәл кіші Нақшбандийа шайхы Ахмад Ходжаги Касанимен шатастырмау керек). Хабушани Кубрауи́я силсиласында маңызды тұлға болып табылады. Одан Иранның ең маңызды Захабийа силсиласы және Орталық Азиядағы белгілі екі мұрагерлік тармақ тарайды. Оның Захабийа силсиласындағы орнына байланысты, оның өмірі туралы аз мәлімет қолжетімді болғанымен, ол Иран дереккөздерінде көпшілікке белгілі. Ол Хорасанның солтүстік-батысындағы, Машхадтың солтүстік-батысындағы Хабушан қаласынан шыққан. Ол кейінгі уақытта Кучан деген атпен белгілі болған. Сол жерден ол Бидавазидің қызметіне кіріп, 895/1489-1490 жылы одан *иджаза* алған. Ол қажылықты белгісіз заманда аяқтаған сияқты. Ол өмірінің көп бөлігін Хабушанда өткізген сияқты, бірақ «Маджалис ал-му'минин» еңбегі оның 938/1531-1532 жылы Хорезмде қайтыс болғанын айтады.⁶⁷ Ал «Рийаз ал-аулийа» оның 937/1530-1531 жылы қайтыс болғанын және оның қабірі Хорезмде екенін нақтылайды.⁶⁸

Хабушанидің Хорезмге қашан қоныс аударғаны туралы ешбір дереккөзде мәлімет жоқ. Ол, 923/1517 жылға дейін ол жерде болмаған және сол кезде оның

62 Рийаз ал-аулийа, пп. 128b-103b.

63 Наса'им, ред. Ераслан, бб. 394-395.

64 Б. А. Ахмедов, пер., Море тайн (Ташкент: Фан, 1977), б. 44; Ахмедов (б. 119, ескертпе 187) осы Шайх Шах 'Алиді Кубрауи́я шайхы деп көрсетеді, бірақ Симнани шәкірті ретінде.

65 Джами, Нафахат, б. 428; қар. Meier, *Fawā'id*, б. 40.

66 Карбала'и, II, бб. 80-81.

67 Маджалис ал-му'минин, II, бб. 156-158.

68 Рийаз ал-аулийа, п. 132b.

шәкірті Хусайн Хорезми туған жерін тастап, Мауараннахрға кеткен еді. Алайда XVI ғасырдың соңында құрастырылған Амин б. Ахмад Разидің «Хафт иқлим» еңбегі Хабушанидің халифаларының бірі оның немересі 'Абд ал-Латиф болғанын және оның муридтері арасында бірнеше Хорезм сұлтандары бар екенін айтады.⁶⁹ Хабушанидің Хорезмге көшуі немересінің сол жердегі қызметімен байланысты болған болуы мүмкін. Бұл немересі Хорезмнің Вазир қаласындағы шайх 'Абд ал-Латифпен байланысты, оның қабірін 963/1556 жылы осман адмиралы Сиди 'Али Ра'ис зиярат еткен. Оның айтуынша, бұл шайх оның өзі үшін тасаввуфтағы пірі болған, бірақ бұл байланыс қашан немесе қалай орнағаны анық емес. Қалай болғанда да, Хусайн Хорезмидің өмірбаянында Хабушанидің Вазир қаласында тұрғаны туралы айтылады. Бұл осман адмиралының шайхы мен «Хафт иқлимдегі» 'Абд ал-Латифтің бір адам екендігін растайды.⁷⁰

«Хафт иқлим» еңбегінде Хабушанидің 37 халифасы болғаны айтылады және олардың бесеуі, оның ішінде 'Абд ал-Латиф те бар. Ал «Рийаз ал-аулийа» еңбегінде оның 23 шәкірті көрсетілген. Бұл дереккөзде ең маңыздысы – «Рийаз ал-аулийа» авторының шайхы болған Маулана Мухаммад Захид ал-Джами ал-Балхи. Маулана Мухаммад Захид «Хафт иқлим» еңбегінде де аталып, оның Балхтағы қызметі жазылған. Ол, сөзсіз, Хабушанидің кіші шәкірттерінің бірі болған. Себебі оның шәкіртінің айтуынша, ол 899/1494 жылы туған. Мухаммад Захид 979/1571 жылдың 2 тамызында қайтыс болып, Балхта жерленген.⁷¹ Өкінішке қарай, Балхидің басқа ізбасарлары туралы деректер табылмаған. Сондай-ақ, «Рийаз ал-аулийа» еңбегіндегі хикаяларда оның өмірбаяны туралы кең ақпарат берілмеген. Балхтың жергілікті тарихы мен әулиелер туралы жазбалары Кубрауийа силсиласының Мухаммад Захидтан тараған қосымша тармақтарын ашуы мүмкін, бірақ қазіргі уақытта бұл Орталық Азиядағы тармақ нашар зерттелген.

Хаджи Мухаммад Хабушанидің тағы екі маңызды шәкірті тығыз байланысты болған. Тарихи маңызы аздау, бірақ кеңінен танымал болған шәкірттердің бірі – Шайх 'Имад ад-дин Фазлуллаһ Машхади. Ол «Хафт иқлим», «Маджалис ал-мұминин», «Равзат ал-джинан» және «Рийаз ал-аулийа» еңбектерінде аталады. 'Имад ад-дин әлі жас кезінде шейіт болған және Кубрауийа силсиласының Хабушаниден кейінгі мұрагерлігі оның серігі әрі мурид болған Шайх Хусайн Хорезмидің қолына өткен. Хусайн Хорезмиге арналған өмірбаяндардың бірінде Хабушани бір көрінісінде өзінің бір қолын әлсіз және нәзік, ал екіншісін күшті және қуатты етіп көргенін сипаттайды. Әлсіз қолын ол 'Имад ад-диннің символы деп түсіндірсе, күшті қолын Хусайн Хорезмидің белгісі деп түсіндірген.⁷² Дегенмен, Шайх 'Имад ад-дин Хорезмидің тәрбиесінде маңызды рөл атқарған. Ол оны өзінің *nir-i nazari* деп санаған. 'Имад ад-дин өзінен жасы кіші серігіне арналған өмірбаяндарда жиі айтылады.

69 Хафт иқлим, ред. Джавад Фазил (Тегеран: Китабфоруши-йи адабия, басылған жылы берілмеген), II, 66. 306-307.

70 Сиди 'Али Ра'ис, *Mur'at-u mamalik*, ред. Ахмад Джавад (Ыстамбұл, 1313), б. 71; tr. A. Vambéry, *The Travels and Adventures of the Turkish Admiral Sidi Ali Reis in India, Afghanistan, Central Asia, and Persia during the Years 1553-1556* (London: Luzac, 1899), б. 79. «Джаддат ал-'ашиқин» (қолжазба, п. 213а) Хабушанидің Вазирге көшкенін айтады, бірақ күнін көрсетпейді.

71 Рийаз ал-аулийа, п. 141b.

72 Джаддат ал-'ашиқин, п. 193b.

‘Имад ад-диннің өлімі туралы мәліметтер тек Карбала’идың «Равзат ал-джинан» еңбегінен белгілі.⁷³ Онда оның шейіт болғаны Шайбани ханның (мұнда «Шайбек хан» деп аталған) Шах Исма’илден жеңілгенімен бірге айтылады. Карбала’идың айтуынша, оның Захабийя ата-бабалары Сафавилермен әрең шыдайтындай қарым-қатынаста болған. Өзбектердің апатының себебі Шах Исма’илдың сәттілігі емес еді. Бірнеше түрлі себептер қосылып, Шайбани ханға апат әкелген. Олардың алғашқысы – Шайх ‘Имад ад-дин Фазлуллаһ Машхадидің өлімі. Осы қылмыс үшін шейіттің шайхы Хабушани ханға қарғыс айтқан. «Маджалис ал-му’минин»⁷⁴ еңбегі ‘Имад ад-диннің толық аты-жөні ‘Имад ад-дин Фазлуллаһ б. ‘Ала’ ад-дин ‘Али б. Ходжа Камал ад-дин Ни’матуллаһ Барзишабади Туси Машхади екенін атап өтеді. Оның 914/1508-1509 жылы қайтыс болғанын және Машхадта жерленгенін жазады. Бұл дереккөзде ‘Имад ад-дин мен Мухаммад ад-дин Багдадидің арасындағы ұқсастықтар туралы айтылады: екеуі де өз шайхының сүйікті шәкірті болған, бірақ шайхтарынан бұрын қайтыс болған. Екеуі де патшалар мен амирлермен сөйлескен және екеуі де жас кезінде патшаның бұйрығымен өлтірілген.

Шайх ‘Имад ад-диннің өлімі туралы қосымша мәліметтер жоқ. Оның 914/1508-1509 жылы Хорасандағы өзбек жорығы кезінде қайтыс болуы мүмкін деген болжам бар. Сол кезде Машхадты, Султан Хусайн Байқараның ұлы Мухаммад Қасим қорғап жатқан бұл бекіністі, болашақ хан ‘Убайдуллаһтың әскерлері басып алған еді.⁷⁵ Бірақ ‘Имад ад-диннің өлімі туралы ескертпе бұл қылмысқа тікелей Шайбани ханның жауапты екенін білдіретін сияқты. Мұндай жауапкершілік туралы Хусайн Хорезмидің өмірбаяндарында, олар Шайбанилер билеген Мауараннахрда жазылғандықтан, ешқандай мәлімет жоқ. Шайх ‘Имад ад-динге деген үлкен құрметке қарамастан, бұл дереккөздерде тек оның жас кезінде «жалған дүниеден» мезгілсіз кеткені туралы ғана айтылады.⁷⁶

Хусайн Хорезмидің карьерасы

Камал ад-дин Хусайн б. Шихаб ад-дин Хорезмимен бірге Кубрауи́я тари́каты Орталық Азиядағы қысқа уақыттық билік пен беделдің соңғы кезеңін бастан кешті. Нуруллаһ Шуштари Хамадани силсиласында ешкім Хусайн Хорезмидей жоғары деңгейге жетпегенін айтқан.⁷⁷ Бұл пікір өте әсерлі, өйткені Хусайн Хорезми Захабийя-Кубрауи́я тари́катының маңызды тұлғасы ретінде саналған. Алайда, оның кейінгі ирандық, шииттік Захабийямен тікелей байланысы болмаған.⁷⁸ Ол ирандық әулиелер туралы жазбаларға Кубрауи́я/Хамадани́я/«Захабийя» ирандық Захабийя силсиласымен байланысы болғаны үшін емес, шайхы ретіндегі

73 Карбала’и, II, б. 201; Шайх ‘Имад ад-дин Фазлуллаһ Абиварди, мүмкін Хабушани шәкірті деп танылған, деп «Хабиб ас-сийар» (IV, б. 357) еңбегінде айтылған.

74 Маджалис ал-му’минин, II, бб. 161-162; Карбала’и, II, б. 575 айтылған.

75 Қар.: Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя), пер. Р.П. Джаилова (Москва: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1976), б. 111; *Transoxanien und Turkestan zu Beginn des 16. Jahrhunderts: Das Mihmān-nāma-yi Buḥārā des Faḍlallāh b. Rūzbihān Hunḡī*, tr. Ursula Ott (Freiburg im Breisgau: Klaus Schwarz Verlag, 1974), б. 195.

76 Джаддат ал-‘ашиқин, п. 193а.

77 Маджалис ал-му’минин, II, б. 162.

78 Граммах (*Schiitischen*, II, б. 16) қате түрде бұл Хусайн Хорезмиді «Tāj al-Dīn Husayn» деп анықтайды, ол Захабийя силсиласында Ғулам ‘Али Нишапури шәкірті ретінде пайда болады; дегенмен дереккөздер Хусайн Хорезмидің Ғулам ‘Алимен емес, Хабушани мен ‘Имад ад-дин Фазлуллаһ Машхадимен байланысты екенін анық көрсетеді.

атақ-абыройына байланысты енген. Сонымен қатар, Кубрауианың өз отанына оралуындағы оның маңыздылығы оның өмірінде танылған. Бұл оның өмірбаянында оның шайхы Хаджи Мухаммад Хабушанидің сөздерінен көрініс тапқан. Хабушани түсінде Шайх Рашид ад-дин Бидавазиді көріп, оған шапанын бір хорезмдік дервишке беруін айтқан.⁷⁹ Жас Хусайн Хорезмимен кездескен кезде, ол Шайх 'Али Лаланың Кубрауиға *иджазасын* 300 жыл бұрын Хорезмнен Хорасанға алып кеткенін байқатқан (бұл тағы да осы силсиланың Баба Камал Джанди силсиласындағы хорезмдік ізбасарларын білмегенін растайды). Ал енді қазір, «бұл жарық Хорезм елінде қайта жарқырайды» деген үміт пайда болды.⁸⁰ Осылайша, Хусайн Хорезмидің карьерасы Кубрауиға тариқаты шеңберінде Наджм ад-дин Кубраның өлімінен кейін Кубрауиға ықпалы жойылған деп саналған отанындағы тариқаттың қайта жандануын білдірген сияқты.

Бұл Хусайн Хорезми туралы кемінде екі маңызды өмірбаян жазылған,⁸¹ оның біреуі алдыңғысының кейінгі редакциясы болып табылады. Ертерек шығарма 950/1543-1544 жылы оның шәкірті Джани Махмуд б. Шайх 'Али б. 'Имад ад-дин Ғиджадуани тарапынан жазылған «Мифтах ат-талибин» деп аталады. Бұл еңбектің үзінділерін Бартольд жариялаған.⁸² Екіншісі, 966/1573 жылы, шайх қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Шариф ад-дин Хусайн жазған «Джаддат ал-'ашиқин» деп аталады.⁸³ Бұл екі еңбек Хусайн Хорезми туралы кейінгі жазылған агиографиялық өмірбаяндардың қысқаша нұсқаларының негізі болған. Нуруллаһ

79 Джаддат ал-'ашиқин, пп. 57a-b.

80 Джаддат ал-'ашиқин, п. 40a; бұл сөздер 1139/1726 жылы Мухаммад А'зам құрастырған сирек кездесетін силсила жинағында қайталанатын, ол «Ашаджар ал-хуад» деп аталады (ӨР ШИ қолжазбасы, № 498 [СВР, III, б. 363, № 2689], п. 162b).

81 Үшіншісі, аноним «Рисала дар ахвал-и Хазрат Камал ад-дин Хоразми» атпен Asafiyah catalogue-ында айтылған (III, б. 164, № 168; Storey, *Persian Literature*, I, б. 974, № 1287-нан алынған), бұл 2 еңбек бір-біріне сәйкес келетін шығар.

82 Мифтах ат-талибин: ӨР ШИ қолжазбасы, № 394 (187 парақтан тұрады; шамамен XVIII ғасыр; СВР, III, б. 318, № 2580); № 1493 (307 парақтан тұрады; 1250/1834-1835; СВР, II, б. 319, № 2581); № 5426 (158 парақтан тұрады; көшірілген уақыты көрсетілмеген, каталогта жоқ); 6920 (155 парақтан тұрады; көшірілген уақыты көрсетілмеген, каталогта жоқ); Душанбе, Фирдоуси мемлекеттік кітапханасы, № 479 (178 парақтан тұрады; шамамен XVII-XVIII ғасырлар; А. Юнусов, Фехрасти дастанвисхои тожики-форси, I (Душанбе, 1971), б. 46, № 16); Ленинград, Государственная Публичная библиотека (имени Салтыкова-Щедрина), PNS 162 (166 парақтан тұрады; 1263/1846-1847; Костыгова (1973), б. 242, № 702); Самарқанд мемлекеттік университеті, № 212803 (187 парақтан тұрады; көшірілген уақыты көрсетілмеген: А. Пулатов, Х. К. Ахраров, Список восточных рукописей СамГУ (1977), б. 44). Бартольд Ташкенттегі 394-номерлі қолжазбадан үзінділерді өзінің «Отчет о командировке в Туркестан (1902 г.)» еңбегінде жариялаған: Записки Восточного отделения Русского археологического общества, 15 (1904), бб. 205-212 (Сочинения, VIII, бб. 145-151). Қар. Демидов, Суфизм в Туркмении, бб. 57-58. Бұл еңбектің XIX ғасырда Хорезм ақыны және тарихшысы Агахи жасаған шағатай түркі тіліндегі аудармасы бар (ӨР ШИ қолжазбасы, № 8473; 20 парақтан тұрады; каталогта жоқ).

83 Джаддат ал-'ашиқин, Алигарх қолжазбасы (қар. ескерту 61); London, India Office қолжазбасы (Éthé № 1877; 119 парақ; 989/1581 ж.); ӨР ШИ, қолжазба № 499 (134 парақ; XVI ғасыр; СВР, III, б. 318, № 2579); қолжазба 3084 (229 парақ; XVII ғасыр; СВР, X, бб. 235-236, № 6962); Душанбе, Фирдоуси Мемлекеттік кітапханасы қолжазбасы, № 1838 (246 парақ; 973/1566 ж.; Юнусов, Фехраст, I, бб. 49-50, № 19); соңғы қолжазбаны А. Мухтаров атап өткен: Житие шейха Хусейна – источник по истории культурной жизни конца XV – начала XVI в. // *Материальная культура Таджикистана*, 3 (1978), бб. 242-246.

Шаштари Гидждувани еңбегін арнайы атап өтіп, одан үзінділер көрсетіп өткен.⁸⁴ Алайда, бұл екі негізгі шығарма шайхтың өмірі мен Кубрауия тариқатының тарихы үшін ғана емес, сонымен қатар, Орталық Азияның саяси және әлеуметтік тарихы үшін де маңызды дереккөздер болып табылады. Екеуінің ішінде «Мифтах» ертерек жазылған, сондықтан 950/1543-1544 жылдан кейінгі материалдарды қамтымайды. Ал «Джаддат ал-‘ашиқин» алдыңғы шығармада жазылған оқиғаларға жиі сілтеме жасайды. Сонымен қатар, «Джаддат ал-‘ашиқин» ерте жылдар туралы қосымша мәліметтер береді және көптеген тұрғыдан екі өмірбаянның ішіндегі толығырақ шығарма болып табылады. Екеуі де бірге қарастырылып, салыстырылуы керек, бірақ практикалық тұрғыдан алғанда, қазіргі уақытта «Джаддат ал-‘ашиқин» екі еңбектің қолжетімдісі болып отыр.

«Джаддат ал-‘ашиқин»⁸⁵ еңбегінде айтылғаны бойынша Хусайн Хорезми сопылық жолын 18 жасында бастаған. Оған Хорасандағы Шайх ‘Имад ад-динге бару туралы айтылған. Бірақ ол алғашында Хорезмнің сыртындағы шөлде рухани тазару жаттығуларын жасап, содан кейін хорезмдік ғалымнан сыртқы (захири) ғылымдарды үйренуге біраз уақытын арнаған. Ол көп ұзамай Хорезмнен кетіп, Мауараннахрдағы Нақшбандида шайхы Ходжа ‘Убайдуллаһ Ахрардың қызметіне кіруге ниеттенген. Бірақ жолда шайхтың қайтыс болғанын естіген. Ахрардың 895/1490 жылы қайтыс болғанын ескерсек, Хусайн Хорезмнің туылған уақытын шамамен 875/1470 жылы деп есептей аламыз. Ол біраз уақыт Бұхарада болған, сосын Хорезмге қысқаша уақытқа оралған. Осыдан кейін Машхадқа кіші қажылыққа барған және туған жеріне тағы оралып, кейіннен Абивардақ барып, Шайх ‘Имад ад-дин Фазлуллаһпен кездесу өткізген. Соңында ол оны өзінің шайхы Хаджжи Мухаммад Хабушаниге жіберген. Хусайн Хорезми өзінің айтуынша, Хабушанимен 11 жылдай, яғни 899/1493-1494 жылдан 910/1504-1505 жылға дейін бірге болған. Содан кейін шайхы оны Хорезмге қайта жіберген.

Оның туған жеріне оралуы Шайбани ханның раби‘ I 911/1505 жылдың тамызында Хорезмді Тимурилер әулетінің губернаторы Чин Сопыдан тартып алып, басып алуының алдында ғана болған сияқты. «Джаддат ал-‘ашиқин» бұл оқиғаларға сілтеме жасамайды. Ал «Мифтах» еңбегінен Бартольд атап өткен үзінділерде тек Хорезм губернаторының қаладан шығуға тыйым салғаны туралы айтылған. Бұл шамасы өзбектердің шабуылын күтуіне байланысты болса керек.⁸⁶ Қалай болғанда да, екі дереккөзде де Хорезмнің Сафавилер тарапынан басып алынуы немесе Илбарс пен Балбарс басшылығындағы өзбектердің жаулап алуы туралы ештеңе айтылмайды. Керісінше, біз шайхтың Хорезм мен Маңғыстаудағы саяхаттары, Хорезмдегі әулиелердің кесенелеріне сапарлары және басқа шайхтар мен муридтерімен қарым-қатынасы туралы естиміз (олардың арасында саяси биліктен бас тартып, «Сопы Султан» атағына ие болған Илбарс ханның ағасы да болған).⁸⁷

84 Маджалис ал-му‘минин, II, бб. 162 және жалғасы; қар. Ғулам Сарвар Лахури, Хазинат ал-асфийа, жазылған уақыты 1281/1864-1865 ж. (литография Канпур), II, б. 331; Дара Шикух (1069/1658 ж. қ. б.), Сафинат ал-аулия (литография Канпур), б. 191.

85 Джаддат ал-‘ашиқин, пп. 24а-62а Хорезмнің алғашқы жылдары туралы мәліметтер берілген.

86 Қар. Бартольд, Отчет // ЗВО, 15 (1904), б. 207; Хорезмнің басып алынуы түркі тіліндегі Мухаммад Салихтің «Шайбани-наме» еңбегінде сипатталған: Hermann Vambéry, ed. and tr., *Die Scheibaniade, ein özbekisches Heldengedicht in 76 Gesängen von Prinz Mohammed Salih aus Charezmi* (Leipzig: F.A. Brockhaus, 1885), бб. 442 және жалғасы.

87 Қар.: Бартольд, Отчет, бб. 208-211; Джаддат ал-‘ашиқин, пп. 62а-79а.

923/1517 жылы Хусайн Хорезми туған жері Хорезмнен Мауараннахрға кетті және келесі 30 жыл бойы Самарқандта қызмет атқарды. Соның арасында Хорезмге оралып тұрған. Бұл оның трактаттарының бірін 925/1519 жылдың 25 зу-л-хиджасында (28 қарашада) «Шайх Мухаммад Ходжа авлад-и Бадр Ата'идың» үйінде бастағаны туралы жазбадан белгілі.⁸⁸ Бұл үйдің иесі Занги Ата халифаларының бірі Бадр Атаның биологиялық немесе рухани ұрпағы болған. Ал Занги Ата – Ахмад Йасауидің бас мұрагері Хаким Атаның шәкірті болған. Бұл тұлғамен байланысы Орталық Азиядағы Кубрауийа шайхтарымен өзара байланыстары болғандығының бір мысалы ғана. Оның Ходжа Ахрармен кездесуге саяхаты атап өтілді және ол Бұхарада уақыт өткізген шайхтардың бірі йасауийалық шайх Джамал ад-дин Бухаридың қасында болған.⁸⁹ «Джаддат ал-'ашиқин» еңбегінде Хусайн Хорезми мен белгісіз Нақшбандийа сопылары арасындағы диалогтар, соның ішінде 'узла (оқшаулану) мен 'ишрат (қоғам) арасындағы салыстырмалы артықшылықтар туралы пікірталас жазылған.⁹⁰ Кейінірек жазылған дереккөзде, Йасауийа шайхы Мухаммад 'Алим ас-Сиддиқи ал-'Алавидің (1041/1632 ж. қ. б.) «Ламахат мин нафахат ал-қудс» еңбегінде, «Самарқандтағы Тимур салдырған мешітте» Хусайн Хорезми мен Шайх Сайид Ахмадтың (Ходжа Ахрардың замандасы, Камал ад-дин Иқанидың шәкірті, Йасауийа шайхы) кездесуі сипатталған. Әрқайсысы өзінің муридтерімен әңгімелесіп отырған және намаздан кейін кездесіп, сөйлескен. Кейін олар муридтеріне әрбір жер үшін Пайғамбардан бата сұрағандарын айтқан. Пайғамбар оларға: «Екеуі де қабылданды: бірің – бауырсың, бірің – ұлсың», деген, бірақ бұған қосымша ешқандай түсініктеме бермеген.⁹¹

Бұл Йасауийа және Кубрауийа шайхтары арасындағы діни бәсекелестік Мауараннахрдағы өзбек билігінің алғашқы жылдарындағы сопылық тариқаттар арасында орныққан күрделі бәсекелестік атмосферасын көрсетеді. Орталық Азияның үш негізгі сопылық тариқатының өкілдері сол кезеңде ықпал үшін өзара бәсекелес болған. «Күресті» ақырында Нақшбандийа анық жеңгенімен, Хусайн Хорезмидің Самарқандқа көшуі оның саяси, экономикалық және рухани мүдделерді түсінгенін көрсетеді. Самарқанд өзбек хандықтарының еркін конфедерациясының бастапқы орталығы болғандықтан, Хусайн Хорезми сол жерде басқа тариқаттармен ықпал үшін бәсекелесуге тырысқан. Ол Шайбани ханның мұрагері Көчкүнджи ханның құрметіне ие болды. Оның өмірбаянында бұл билеушінің ұрпақтары, әсіресе Абу Са'ид пен оның ұлы Султан Са'идқа терең әсер еткені айтылған. Оның беделі туралы Нисари Бухаридың «Музакир-и ахбаб» еңбегінде айтылған. Онда Камал ад-дин Хусайн Хорезми Султан Са'идтың рухани жетекшісі ретінде көрсетілген және шайхтың толық және дұрыс Кубрауийа/Хамаданийа силсиласы берілген.⁹² Ол сондай-ақ, Шайбани ханның немересі Пулад Султанға да ықпал еткен. Сонымен қатар, «Мифтах ат-талибин»

88 Бұл ескерту (ӨР ШИ қолжазбасы № 11159 [каталогта жоқ], п. 34b) Хорезмидің «Иршад ал-муридин» шығармасының қолжазба сипаттамасында көрсетілген, *Verzeichnis der orientalischen Handschriften in Deutschland*, XIV, 2 (Persische Handschriften, described by Soheila Divshali and Paul Luft, 1980), б. 14.

89 «Мифтах», «Маджалис ал-му'мининде» сілтеме жасап айтылған, II, б. 163; Джаддат ал-'ашиқин, п. 30a.

90 Джаддат ал-'ашиқин, п. 91b.

91 Душанбе, Фирдоуси Мемлекеттік кітапханасының қолжазбасы, № 571, п. 66a.

92 Музакир, ред. Фазлуллаһ, кіріспе, бб. 36-39, мәтін, бб. 81-84.

еңбегінде шайхтың қызылбастарға қарсы Хорасанда Ұбайдуллаһ ханның жорығына қатысқан кезде Пулад үшін көмек сұрағаны жазылған.⁹³ Ұбайдуллаһ ханның өзі (946/1539 ж. қ. б.) Хусайн Хорезмиді құрметтеп, «Хамаданийа» тариқатының құрметіне өз түркі өлеңін жазған және ол «Джаддат» еңбегінде көрсетілген.⁹⁴ Сонымен қатар, шайх өзбектердің жауы Бабур мен оның ұлы Хумайунмен де жақсы қарым-қатынаста болған.⁹⁵

Хусайн Хорезми өз тариқатын мықты институционалдық және экономикалық негізбен қамтамасыз ету үшін қадамдар жасауы маңызды болды. Оның өмірбаяндары оның ханақа салудағы күш-жігерін көрсетеді. Бірақ бұл тұрғыдағы ең құнды дерек көзі – 953/1547 жылы шайхтың атымен жазылған вақф құжаты. Бұл құжаттың 1125/1713 жылы жасалған көшірмесі Ташкентте сақталған және әлі жарияланбағанымен, Орталық Азияның экономикалық және әлеуметтік тарихы бойынша жалпы зерттеулерде пайдаланылған.⁹⁶ Құжатта Самарқанд аймағындағы жерлер сипатталады. Олар шайх салған ханақаға және «Хамаданийа-Кубрауия» силсиласының ал-ауқаты мен қуатын» қолдауға арналған.

Хорезмидің өмірбаяндары оның Самарқандта отыз жыл тұрған кездегі Мауараннахр мен Хорасанның әртүрлі аймақтарына жасаған көптеген сапарларын тіркеген. Бұл мұны ерте өзбек кезеңіндегі тарихи география үшін құнды дереккөздерге айналдырады. Дегенмен, 956/1549 жылы ол соңғы сапарына аттанып, Самарқандтан кетіп, Меккеге қажылыққа аттанды. Бұл сапар «Джаддат ал-‘ашиқинде» жақсы сипатталған.⁹⁷ Сафавилер мен өзбектер арасындағы жауласудың арқасында Иранға барудан бас тартуға мәжбүр болып, ол Хорезмге барып, солтүстік бағыт арқылы Сарайшық, Хаджи Тархан (Астрахань), Қырым және Ыстамбұдды кесіп өтті. Жол бойында шайхтар мен ғалымдармен кездесулері, сондай-ақ, аймақтағы саяси және әскери оқиғалар (соның ішінде қажылар қаласына жетерден екі апта бұрын болған орыстардың Хаджи Тарханға жасаған шабуылы) туралы мәліметтер жазылған.⁹⁸ Шайх Меккеге жетіп, қайтар жолда Сирияда біраз уақытын өткізді. Сол жерде ауырып, Алеппода 958/1551 жылғы 18 шағбанда (21 тамызда) қайтыс болып, өзінің қалауы бойынша Сирияда жерленді.⁹⁹

93 Бартольд, Отчет, б. 210.

94 Джаддат ал-‘ашиқин, п. 101b.

95 Джаддат ал-‘ашиқин, п. 123b; Бартольд, Отчет, б. 210.

96 Ташкенттегі Өзбек КСР-нің Орталық Мемлекеттік тарихи мұрағаты, фонд 1-323, іс 1412; қар. Р.Г. Мукминова, К истории аграрных отношений в Узбекистане XVI в. по материалам «Вакф-наме» (Ташкент: Наука, 1966), бб. 34, 54-57, 75, 78, 94; Мукминова, Очерки по истории ремесла в Самарканде и Бухаре в XVI веке (Ташкент: Фан, 1976), бб. 18, 38, 50, 58, 129, 131. Қар., сондай-ақ, П.П. Иванов, Хозяйство Джуйбарских шайхов: к истории феодального землевладения в Средней Азии в XVI-XVII вв. (Москва/Ленинград: Изд-во АН СССР, 1954), бб. 98, 104.

97 Джаддат ал-‘ашиқин, пп. 119b-182b.

98 Джаддат ал-‘ашиқин, п. 135a.

99 Джаддат ал-‘ашиқин, п. 187a. «Хусайн Хорезми» бейітіне Сиди ‘Али Ра’ис Хорезмге келген кезде барған, бұл алғашқы Хусайн Хорезми болуы керек. Османдық адмирал бұл тұлғаны кейінгі Хусайн Хорезмиден айқын ажыратады, оны «Махдум-и А’зам» деп атайды және оның әйелі және ұлымен Хорезмде кездесті (қар. Вамбери, бб. 79-80, 84-85, мәтін бб. 71-72, 75). «Джаддат ал-‘ашиқин» авторы шайхтың шәкірттері арасында Сирияда жерленгісі келуі туралы алауыздықты еске алады, бірақ шәкірттері оның денесін Хорезмге қайтарғаны туралы бір ғана жасырын дереккөз сенімді деп есептелмейді. Бұл дереккөз Хусайн Хорезмиді (Хабушани шәкірті) бұрынғы Хусайн Хорезмимен («Джавахир ал-асрар» авторы) шатастырады. Ал Хорезмде жерленуі туралы әңгіме бұрынғы Хусайннің бейнесімен

Хусайн Хорезмидің кең ауқымды саяхаттарының нәтижесінде оның шәкірттері мен халифалары Кашмирден Сирияға дейін таралды. Ол Үндістандағы Кубрауи-Хамаданийа тариқатының дамуына ерекше ықпал етті. Өйткені оның силсиласы Кашмирден шыққан шәкірті Йа'куб Сарфи (1003/1594 ж. қ. б.) арқылы берілген. Сарфи моғол билеушілері Хумайун мен Акбардың сүйікті шайхі болған және тарихшы Бада'унидің досы еді.¹⁰⁰ Бұған қоса, XVIII ғасырдағы бұрын сілтеме жасалған силсилалар жинағының авторы Ахмад Кашмири Сарфи силсиласынан шыққан.¹⁰¹ Ал исламның «екінші мыңжылдық жаңартушысы» ретінде танылған Нақшбандийа шайхы Ахмад Сирхинди (1034/1624 ж. қ. б.) оның шәкірттерінің бірі болып, Сарфи арқылы Наджм ад-дин Кубраға екі байланысының бірін алған.¹⁰²

Орталық Азияда Хусайн Хорезмидің силсиласы кем дегенде бір жерде XVII ғасырдың соңына дейін (және мүмкін одан кейін де) жалғасқан. Хорезмидің шәкірттерінің бірі, Маулана Шайх Пайанда Сактари (немесе Сактараги) атымен танылған тұлға, Бұхараның Сактар ауылында Кубрауи-Хамаданийа шайхтарының бір силсиласын негіздеген. Ал оның соңғы белгілі өкілі, Мир 'Атауллаһ Сактари, 1100/1688-1689 жылы қайтыс болған. Алғашқы аталған Пайанда Сактаридің ұрпағы 1250/1834 жылы осы силсиланың қысқаша тарихын жазған. Бірақ бізге жеткен жалғыз көшірме 'Атауллаһтың өмірбаянына дейін үзілген және XIX ғасырдағы Кубрауи-Хамаданийа автор қаншалықты жалғастырғаны белгісіз. Сактари силсиласы бұған дейін айтылған «Ашджар ал-хулд» және Ахмад Кашмиридің қысқартылған жинағында да аталып өткен және біз бұл шағын Кубрауи-Хамаданийа ортасынан шыққан доктриналық еңбектер туралы білеміз. Алайда Сактари шайхтары XVI ғасырдың соңына қарай басым болған Нақшбандийа ортасында қалған Кубрауи-Хамаданийа тариқатының белгісіз және оқшауланған өкілдері болып қала берген.¹⁰³

Сактари шайхтарының саяси қызметі және басқа тариқат шайхтарымен қарым-қатынастары туралы нақты ақпарат жоқ болса да, «Джаддат ал-'ашиқин» мен басқа да кейінгі дереккөздер Хусайн Хорезмидің ізбасарларының қызметін және олардың Кубрауи-Хамаданийа жатпайтын шайхтармен болған бәсекелестігін сипаттайды.¹⁰⁴

байланыстыру әрекеті болып табылады, бірақ екеуі бір тұлға ретінде қате қабылданған (қар. қолжазба: Bodleian Cat., I, cols. 95-96).

100 Қар.: *The Ā'in-i Akbarī by Abū'l-Faẓl 'Allāmī*, tr. H. Blochmann; 2nd ed., revised by D.C. Phillot (Calcutta: Royal Asiatic Society of Bengal, 1939), I, pt. 2, 66. 651-652.

101 «Шарджа», ӨР ШИ қолжазбасы, № 1426, п. 134b.

102 ӨР ШИ қолжазбасы, № 545 (СВР III, б. 391, № 2749), пп. 121b-123b; бұл Орталық Азиядан келген анонимді Муджаддидийа силсиласы, 1295/1878 жылы Сулайман б. 'Абдуллаһ Хутталани [sic] тарапынан жазылған: «Бахр ан-наса'их ва-рафиқ ас-салик» 1003/1594 жылы өзбек билеушісі 'Абдуллаһ хан үшін құрастырылған. Екінші байланыс, Сирхинди ұсынғандай, осы дереккөзде Баба Камал Джаңди арқылы берілген.

103 Сактари шайхтары бір қолжазбадан белгілі (ӨР ШИ қолжазбасы, № 2501), ол 1251/1835 жылы көшірілген және тоғыз түрлі жұмыстан тұрады (көбі тақырыпсыз және анонимді). Жарияланғандар сапына кіретіндері: «Тарих-и вали» (СВР, III, б. 393, № 2756), пп. 1b-14a, ертедегі Сактари шайхтарының өмірбаяндарын және олардың Хусайн Хорезми арқылы силсиласын береді; Мухаммад Хусайн Сактаридің екі шығармасы, бірі доктриналық («Матла' ал-кабир», СВР, III, б. 328, № 2603: пп. 78a-93a) және бірі агиографиялық («Маджма' ал-фада'ил», СВР, III, бб. 327-328, № 2602: пп. 93a-158a); және атауы белгісіз доктриналық трактат (СВР, III, бб. 393-394: пп. 158a-191b), оның авторы Садр ад-дин Мухаммад б. Абу-с-Сафа' б. Йунус ал-Хусайни делінеді. Сактари шайхтарын батыс ғалымдары арасында еске алатын жалғыз ғалым – Хамид Алгар (*EI art., Path intro.*).

104 Джаддат ал-'ашиқин (пп. 199a-211b), Ашджар ал-хулд (ӨР ШИ қолжазбасы, № 498, пп. 163a-b) және Ахмад Кашмиридің еңбегінде (ӨР ШИ қолжазбасы, № 1426, пп. 130a-134b) атымен

«Джаддат ал-‘ашиқин» еңбегінде Орталық Азияның әртүрлі аймақтарында әлі де белсенді болған шәкірттер аталады.¹⁰⁵ Самарқандта ықпалды болған Дарвиш ‘Абдуллаһ Хивақи туралы мәліметтер бар. Мерв пен Бұхарада белсенді болған Шайх Тенгри-берді Хивақи туралы да айтылады. Бадахшанда Маулана Халиуллаһ Бадахши өзінің қызметімен танылған. Хорезмде Шайх Мақсұд Хивақи, ал Самарқанд пен Бұхарада Ходжа Фахр ад-дин Ахмад Сабзавари белсенді болған. Алайда, Хусайн Хорезмидің Орталық Азиядағы мұрасын жалғастырған негізгі үш шәкірті ерекше назар аударуға тұрарлық. Біріншісі, Шайх Артуқ Манқышлақи, ұстазымен бірге Мауараннахрға көшкенімен, кейін өз отанына оралған.¹⁰⁶ «Джаддат ал-‘ашиқин» оның Манғышлақ түркілері арасындағы қызметі және оның «Өзбекстан еліне» (бұл жерде анық Манғыт ұлысы меңзелген) жасаған саяхаттары туралы мәліметтерді береді.¹⁰⁷ Кубрауия тарихы үшін маңыздырақ тұлға – Ходжа Мухаммад Хусайн Хивақи. Ол «Джаддат ал-‘ашиқинде» Ташкент, Шахрухия және Ахангаран аймақтарында Хусайн Хорезмидің қызметін жалғастырған деп сипатталады. Ал Ходжа Мухаммад Хивақи, Хорезмдегі басты халифасы, Хисар қаласында тұрған деп айтылады (Самарқандтың оңтүстік-шығысында). «Джаддат ал-‘ашиқин» жазылған кезде (973/1566 ж.) бұл тұлғаның шәкірттері Хисар, Хутталан және Кабул аймақтарында белсенді болған,¹⁰⁸ және олардың силсиласы енді «Кубрауия-Хамаданийа-Хусайнийа» деп аталған.

Соңғы екі шайхтың қызметі арқылы Кубрауия мен Нақшбандийа тариқаттары арасындағы бәсекелестік туралы ең айқын белгілерді көруге болады. Өйткені олардың қызметі Ходжа Ахрардың ізбасарларының белсенділік танытқан

ғана белгілі Хорезмидің шәкірттері: Маулана Пайанда Кашғари, Шайх Ахмад Чарджуи, Ходжаги Шайх Қаракули, Йусуф Мухаммад Бадахшани, Султан ‘Али Хорезми, Шайх ‘Абд ар-Рахман Ақшахри, Шайх ‘Али Гилани, Маулана Халиуллаһ Халаби және *нисбасы* көрсетілмеген басқалар да аталған. Басқа, белгілі шәкірттер арасына Мухаммад Гиджаувани («Мифтах» авторы) және шайхтың ұлдары Шариф ад-дин Хусайн («Джаддат ал-‘ашиқин» авторы), Шихаб ад-дин Хусайн, Наджм ад-дин Хусайн (соңғы екеуі Сарайчуктан келген әйелінен туған), Абу-л-Қасим және Шах Махдум кіреді. Хусайн Хорезмимен байланысты деп саналатын тағы бір тұлға (бірақ оның жеке басы мен силсиласы анық емес) – ‘Али б. Мухаммад ‘Али б. ‘Али б. Махмуд ал-Хорезми ал-Кубрауи. Ол 901/1496 жылы «Фатауа аш-Шайбани» деген атаумен елеулі сот шешімдерінің жинағын құрастырған және оған XVI ғасырдың ортасына дейін толықтырулар жасаған. Ол 960/1553 жылы Ташкентте, Науруз Ахмадтың (Барақ хан) ортасында болған сияқты және әлі де тірі болған. Ол Ташкентте ең ертесі 930/1523 жылы болған және оның Самарқандтағы жерлері туралы вақф құжаттарында айтылған (қар. Мукинова, К истории аграрных отношений, бб. 238, 290), бірақ оның өмірі туралы басқа мәліметтер белгісіз. Оның басқа еңбектерінің бірі – «Китаб-и сайдийа», онда фетваларға негізделініп қандай жануарлар мен құстарды тағам ретінде пайдалануға рұқсат немесе тыйым салынғаны талданады (оның еңбектерінің қолжазбаларының сипаттамалары: СВР, VI, бб. 459-460, № 4845; VIII, бб. 207-209, № 5784-5786; бб. 290-317, № 5858-5872; X, бб. 183-184, № 6905-6906). Қалай болғанда да, осы ‘Али Хорезмидің қоғамдық қызметі, ең болмағанда, фиқһ саласына арналды. Сондықтан оның Кубрауияға қатысы бізге беймәлім болып қала береді.

105 Бұл Дарвиш ‘Абдуллаһ Самарқандтағы мазарлар туралы еңбекте Хусайн Хорезмидің мұрагері ретінде «Дарвиш хан» атымен естелінгені мүмкін: Самарийа (ред. Афшар, б. 81).

106 XVIII ғасырда Хорезмде жазылған «Тазкира-йи Тахир Ишан» Хусайн Хорезми Бұхарадағы Бахарзи мазары жанында болған кезде зиратқа қатысқан мүридтердің арасында белгілі бір «Дарвиш Артуқ» есімін атайды (ӨР ШИ қолжазбасы, № 855, п. 146б); оның Самарқандта болғанын «Джаддат ал-‘ашиқин» еңбегі де растайды.

107 Джаддат ал-‘ашиқин, п. 204а.

108 Джаддат ал-‘ашиқин, пп. 199b-201b, 201b-211a.

аймақтарында шоғырланған. Атап айтқанда, Хусайн Хорезмидің шәкірттері Нақшбандийа шайхы Лутфуллаһ Чустиге (979/1571-1572 ж. қ. б.) қарсылас ретінде аталады. Бұл туралы шайхтың өмірбаянында, «Сирадж ас-саликин» еңбегінде жазылған.¹⁰⁹ Бұл еңбектің авторы бір жерде Хисардың жаңадан тағайындалған губернаторының Шайх Лутфуллаһты және оның ізбасарларын қудалағанын айтады. Өйткені губернатордың өзі Кубрауийа тариқатына тиесілі болып, Шайх Хусайн Хорезмидің ықпалында болған.¹¹⁰ Сонымен қатар, еңбекте Ташкенттің билеушісі Барақ ханның (Науруз Ахмад ретінде де белгілі) Шайх Лутфуллаһтың тариқатын қолдаған жарлығы туралы айтылған. «Қасиетті Маулана (Лутфуллаһ) ізбасарларының соңынан ерген кез келген топты ешкім тоқтатпасын, әсіресе Шайх Мухаммад Хусайн Кубрауийаның [«sic»!] ізбасарларын және олар: «Біздің әкеміздің муридтері өздері солай қалаған адамнан ант қабылдайды» деп айтпасын».¹¹¹

Шайх Лутфуллаһ Чусті көрнекті Нақшбандийа шайхы Ахмад Ходжаги Касанидің (949/1542 ж. қ. б.) шәкірті болған. Ал Ахмад Ходжаги Касани Ходжа Ахрардың мұрагері Маулана Мухаммад Қазының муриді болған. Дәл осы Махдум-и А'зам және оның ізбасарлары XVI ғасырдан бастап Орталық Азияда Нақшбандийа тариқатының үстемдігін толықтай қамтамасыз етті. Хусайн Хорезми және оның ізбасарлары XVI ғасырдың ортасына дейін «децентрализацияланған» билік кезеңінде жеке өзбек билеушілері арасында ықпалын сақтай алды. Олардың ең күшті орталықтары Самарқанд, Ташкент аймағы және Хисар, Хутталян мен Бадахшанның шекаралық аймақтары болды. Ол аймақтарда Тимурилердің ханзадалары 1570 жылдарға дейін өз тәуелсіздігін сақтаған. Алайда XVI ғасырдың екінші жартысында орталық биліктің 'Абдуллаһ ханның қолында шоғырлануы Нақшбандийа тариқатының сарай билігі ықпалындағы «монополиясын» бекітіп, Кубрауийаның саяси істердегі маңызды рөлінің аяқталуын білдірді.

Кубрауийа ықпалына қарсы алғашқы соққы Барақ ханның тарапынан болды. Ол Нақшбандийаны қолдап, Ташкентте Мухаммад Хусайн Хивақидің Кубрауийа мұрагерлеріне қарсы тұрған. Бұл туралы «Сирадж ас-саликин» мәлімет береді. Сол жерден ол 961/1553-1554 жылы Султан Са'идтен Самарқандты тартып алды. Ал Султан Са'ид пен оның әкесі Абу Са'ид хан Хусайн Хорезмидің күшті ықпалында болған. 964/1557 жылы 'Абдуллаһ хан Барақ ханның ұлдарынан Самарқандты тартып алып, Бұхарада өз билігін орнатты. Сол кезде Кубрауийа саяси және әлеуметтік күш ретінде айтарлықтай әлсіреп қалған еді. 'Абдуллаһ ханның билігі кезінде Кубрауийаның құлдырауының жалғасуы үшін қолайлы кез болды. Өйткені ол Махдум-и А'замның Нақшбандийа мұрагерлеріне толығымен берілген еді.¹¹²

109 Бұл еңбек екі қолжазбада сақталған, оның бірі (Семенов коллекциясында, Душанбе) Бартольдтың «Отчет о командировке в Туркестан (август-декабрь 1920 г.)» // Сочинения, VIII, бб. 378-380 еңбегінде талқыланған; Бартольд еңбектің Нақшбандийа-Кубрауийа арасындағы бәсекелестік туралы ақпаратын атап өткен, бірақ нақты мәлімет бермеген. Мұндағы сілтемелер Ташкенттегі қолжазбаға қатысты, ӨР ШИ, № 629.

110 Сирадж ас-саликин, пп. 96a-b.

111 Сирадж ас-саликин, п. 94a.

112 Бұл Махдум-и А'замның өзі 'Абдуллаһ ханның хан аталуы үшін себепші болған. Бұл туралы Хафиз Таныш Бухаридың «Абдуллаһ-нама» атымен де танымалы кітабы: Шараф-нама-йи шахи (Книга шахской славы), ред. М.А. Салахетдинова, 1-тарау (Москва: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1983), б. 124; ханның Ходжа Ислам Джуйбари (Мухаммад Қазми және Махдум-и А'зам екеуінің муриді) және оның ұлдарымен жақын қарым-қатынасы

‘Абдуллаһ хан ықтимал қарсыластарды аяусыз басып, бағынышты өзбек хандары мен тайпа басшыларының билігін күрт қысқартты. Сондай-ақ, ол Хутталан мен Бадахшанның оңтүстік-шығыс аймақтарын түпкілікті бағындырды. Осылайша, Орталық Азияда Кубрауия ықпалын сақтап, дамытуға болатын тәуелсіз билік орталықтары қалмады. Ал Бұхарадағы Джуйбари шайхтарының беделі мен күші хан мен орталық әкімшілікте Нақшбандияға жатпайтын ықпалға орын қалдырмады.

Орталық Азиядағы Нақшбандия үстемдігі Ходжа Ахрардан басталып, Джуйбари шайхтарының үлкен саяси, экономикалық және әлеуметтік ықпалына жетті. Бұл уақытта Кубрауия тариқатының ықпалы біржола құлдырауға ұшырап, XVI ғасырдың соңында әлсірей бастады. Ал Нақшбандия нығаю кезеңінде Кубрауия тариқаты біржола құлдырады. Бұл тариқат ешқашан қайтып қалпына келе алмады. ‘Абдуллаһ ханның (1006/1598 ж. қ. б.) билігінен кейін Кубрауия силсиласы Бұхара аймағындағы Бахарзидің мұрагерлері мен Сактари шайхтарымен шектелді. Бірақ олардың ешқайсысы Орталық Азия тарихында айтарлықтай рөл атқармаған сияқты.¹¹³

Кубрауияның құлдырау себептері: кейбір болжамды ойлар

Кубрауия тариқатының Орталық Азияда әлсіреуіне көбіне Нақшбандия тариқатының басымдығы мен өміршеңдігі әсер етті деп түсіну керек. Себебі ол Кубрауияны ығыстырды. Сондықтан Кубрауияның басты бәсекелесімен тиімді күресе алмауының нақты себебін Нақшбандия тарихынан іздеу керек. Бұл терең зерттеуді қажет етеді. Мұндай зерттеу жүргізбестен-ақ, Орталық Азия Кубрауиясының құлдырауына ықпал еткен бірнеше «ішкі» факторларды қарастырумызға болады.

Кубрауияның құлдырау тарихы түсінікті деп айтуға болады. Бахарзидің ерте саяси және экономикалық жетістіктеріне қарамастан, Кубрауия шайхтары билеуші топтар арасында жинақталған саяси ықпалын толық пайдалана алмады. Олар бұл ықпалды күшейтуге тырыспады. Нақшбандия шайхтары өздерінің материалдық негіздерін кеңейтуде белсенділік танытса, Кубрауия шайхтары әлдеқайда бәсең болды. Осы айырмашылық Кубрауияның әлсіреуіне себеп болған негізгі факторлардың бірі болып табылады. Ең маңыздысы, екі шешуші кезеңде: Тимурилер әулеті мен Шайбанилер әулеті мемлекеттерінің қалыптасу кезеңдерінде жетекші Кубрауия шайхтары (Хамадани мен Хутталани, Хорезми) орталықтандыру тенденциясына қарсы жергілікті билеушілерге бет бұрған. Бұл ақырында оларды әлсіреткен. Осылайша, Кубрауия тариқаты күшті билеушілер

жақсы мәлім: Шараф-нама, бб. 105-119; Иванов, Хозяйство Джуйбарских шейхов, бб. 48 және жалғасы.

- 113 Бұхарада Аштархани билеушісі Имам Қули хан (1020-1051/1611-1642) билігі кезінде ғалым Йусуф Қарабағи (1055/1645 ж. қ. б.) есімді бір тұлғаны Кубрауия шайхы ретінде кездестіреміз; оның силсиласы нақты белгісіз, бірақ ол Сактари силсиласымен байланысты болуы мүмкін. Ол өзі бір қатар доктриналық еңбектер қалдырды. Оның біреуін А.А. Семенов зерттеген (қар.: «Забытый среднеазиатский философ XVII в. и его «Трактат о сокрытом» // Известия Общества для изучения Таджикистана и иранских народностей за его пределами, т. I [Ташкент, 1928], бб. 137-179). Семенов Ташкент мемлекеттік университетінің қолжазбасын зерттеген, бұл Қарабағидың «Хафт бишшт» еңбегінің бір бөлігі немесе қысқаша нұсқасы болуы мүмкін (СВР, III, б. 345, № 2646). Қарабағидың шәкірттерінің бірі жазған еңбек – «Рийаз ал-мутафакқирин» 1063/1652 жылы құрастырылған және ‘Абд ал-‘Азиз ханға арналған (СВР, III, бб. 345-346, № 2647-2648).

қолдайтын сопылық шайхтарға мемлекеттік саяси және экономикалық ресурстарды бөлген күрестерде жеңіліске ұшыраған жақта қалды.¹¹⁴

Кубрауийа тариқатының сәтсіздігі мен оның дүниелік істерден аулақ болуға бейімделген доктриналық «бейімділігі» арасындағы байланыс айқын болмаған. Кубрауийаның тарихы барысында оның зайырлы өмірге қатысты екі ұдай көзқарасы байқалады. Наджм ад-дин Кубра және оның рухани ұрпақтары, әсіресе Наджм ад-дин Кубра Рази мен 'Ала' ад-Даула Симнани, Кубрауийа ілімін дамытқан. Бұл ілімнің негізгі ерекшелігі көрегендік практикаға негізделген жақсы дамыған мистикалық психология. Бұл психологиялық және рухани практикаларға баса назар аудару Кубрауийаның «басқа дүниеге» бағытталған көзқарасын көрсетеді. Ал Нақшбандийа тариқаты мистикалық жетістіктерге қол жеткізуді күнделікті өмірмен қатар алып жүруге басымдық берген.

Сонымен қатар, Кубрауийа шайхтары өздерінің рухани жетістіктерінің жемісін мемлекеттің игілігіне беріп, өз қауымдастықтарының билеушілеріне кеңес беру міндетін де мойындады. Бұл екі идеалдың арасындағы шиеленіс, Нақшбандийа ілімінде саяси қатысуға басымдық беру арқылы шешілгенімен, Кубрауийада ешқашан толық шешімін таппады. Екі қарама-қайшы мақсаттың тұрақсыз теңгерімі Кубрауийаның саяси «белсенділікке» қатысты екіұдай көзқарасының негізінде жатыр.

Осылайша, Сайф ад-дин Бахарзи өзінің өмірінде және жазбаларында әлеуметтік және саяси ықпалдың міндетін көрсетті. Ол вақфты басқаруға қатысты, моңғол ханы Беркенің исламдық білім алуына жауапты болды және шенеуніктерге мұсылмандық діни міндеттерін еске салатын хаттар жазды. Дегенмен, ол дүниеден алыстауды және жалғыздықта көріпкелдік практикасын дамытуды баса айтты. Ол үшін дүниелік өмірге қатысу мен рухани жетілуге ұмтылуды үйлестіретін кейінгі нақшбандийлік бағыт мүлдем жат болды. Кубрауийа жолын ұстанушы адам дүниеге деген барлық байланысы жойылғанға дейін одан оқшаулануы тиіс еді. Сыртқы әлем оның рухани жетістіктеріне қауіп төндірген сайын, ол жалғыздыққа қайта оралуы қажет болды. Бахарзидің өмірбаянын құрастырушы былай деп жазады:

Шайх Наджм ад-дин Кубра мен Шайх Сайф ад-дин Бахарзи және олардың ізбасарларының ережесі бойынша, мурид басында оқшаулықта (халва) қалуы керек. Бұл кезеңде ол жалғыздықта рухани жетілу жолын бастайды. Міндетті діни парыздарды орындағаннан кейін, басқа құлшылықпен айналыспау ұсынылады. Мурид тек «Алладан басқа тәңірі жоқ» деген сөздерді ғана айтып, зикр жасауы керек. Осылайша, оның жүрегі ашылып, рухани қабылдауы күшейеді.¹¹⁵

Сол сияқты, Кубраның шәкірті Наджм ад-дин Кубра Рази (654/1256 ж. қ. б.) әділ билеушіні іздеді, ол моңғол қауіпіне тиімді қарсы тұра алатын еді. Бұл ізденіс барысында ол рухани ізденістер жолындағы оқшаулану мен патшалық қызмет арасындағы қақтығысты терең сезінді. Ол патшалық қызметті исламды және оның қорғаушыларын күшейтуге бағытталған маңызды міндет деп санады. Өзінің бір еңбегінде ол басқа бір шайхтың сөздерін мақұлдай отырып жазады:

114 Ирандағы ұқсас дамуды атап өткен қызық. Шииттік Нурбахшийа мен Захабийа, екеуі де Кубрауийа тегінен шыққан; саясиленген Сафавийа тариқатымен бәсекелесе алмады. Сафавилер Нақшбандийа шайхтары армандағаннан да үлкен саяси билікке қол жеткізгеннен кейін, олар қудалауға ұшырады.

115 Афшардың «Sayf al-Dīn Bākhārī» атты еңбегінде айтылған: б. 72.

Сопылардың дәстүрі бойынша, олар Алладан қорқу үшін оқшаулануда. Жалғыздықты және оңашалықты іздейді. Патшалар мен сұлтандардың серіктестігінен аулақ болады және барлық қарым-қатынастарды тоқтатады. Дегенмен, білім иелерін және жүрек адамдарын жақсы көретін бұл Құдай қолдаған патшадан толықтай бас тартуға болмайды. Оның қатысуынан алынатын пайда мен артықшылықтардан да өзіңді айыруға болмайды.¹¹⁶

Сол сияқты, басқа бір еңбегінде ол өзінің ақылы оған «рухани сұлулығын» жасырып, оны қоғамда пайдаланбағаны үшін сын айтқан ішкі тартысты сипаттайды. Рази исламды сақтауға ең қабілетті деп санайтын сұлтандарға өз қызметін ұсынғанымен, оның үміті бірнеше рет ақтаамады. Нәтижесінде оның дүниелік істерге деген негізгі кубрауилік күмәні күшейе түсті.

Сонымен қатар, 'Ала' ад-Даула Симнани мұсылман еместі қолдамау үшін патша қызметінен бас тартты. Ал Хусайн Хорезми Хорезмнің губернаторы Шах Маликпен қарым-қатынасы үшін сынға ұшырады.¹¹⁷ Осы жағдайларда Кубрауи́я шайхтары рухани ізденістер мен саяси істерге араласу арасындағы қайшылықпен бетпе-бет келді. Бұл оларға дүниелік билікке қатысты ыңғайсыздық тудырды. Олардың дүниеден шеттеп, саяси істерге араласқысы келмеуі Кубрауи́я тариқатын Нақшбандийамен салыстырғанда әлсіз етті. Нақшбандийа ашық түрде белсенді әрекет етіп, көбірек қолдаушылар мен күш жинады. Саяси және экономикалық билікке деген екіұшты көзқарас Кубрауи́я тариқатының құлдырауына әсер етті.

Кубрауи́я тариқаты XVI ғасырда тағы бір қиындыққа тап болды, бұл жағдай оны едәуір әлсіретті. Шииттік Иранның Орталық Азиядағы сунниттік өзбек хандықтарына қарсылас ретінде пайда болуы Кубрауи́я тариқатының 'Алиге қатысты силсиласы мен Нақшбандийа тариқатының Абу Бакрге негізделген рухани жолының арасындағы қарсыластықты күшейтті. Кубрауи́я тариқатының 'Алидің рухани үстемдігіне баса назар аударуы оның шииттік ілімдермен байланысты деген күмәнді күшейтті. Кейбір зерттеушілер Кубрауи́я тариқатының шииттік бағыттары бар деп есептейді, бұл негізінен Ирандағы Кубрауи́я тармақтарының шииттік жолағ ауысуына және шииттік ағым мен суфизм арасындағы рухани байланыстың болуына байланысты. Алайда, Кубрауи́я тариқаты ерте кездерінде шииттік доктринаға ерекше назар аударған деп айтуға негіз жоқ.¹¹⁸ Оны Сафавилер қозғалысының саяси шииттік бағыттарының пайда болуына дайындық ретінде қарастыру дұрыс емес. Дегенмен, XVI ғасырда Орталық Азия мен Иранда шиит-суннит қақтығыстары күшейді. 997/1588-1589 жылы Мауараннахр ғұламалары шииттікті күпірлікпен теңестірді.¹¹⁹ Осы жағдайларда Кубрауи́я тариқатының

116 Tr. Algar, *Path*, бб. 45-46.

117 Қар.: «Маджалис ал-‘ушшақ», Камал ад-дин Хусайн Казарғахидің еңбегі, 909/1504 жылы жазылған (Bodleian, Ouseley Collection қолжазбасы, Add. 24, п. 113b; British Library қолжазбасы, Or. 208, Rieu, I, бб. 351-353, п. 125b).

118 Кубрауи́я доктринасының болжамды шииттік түсіне қатыстық жарияланымдар үшін қар.: Molé, «Les Kubrawiyya», бұл ұғым алғаш рет талқыланған жер және Анри Корбэннің (Henry Corbin) еңбектері. Баусани ("Religion under the Mongols," б. 547) бұл ойды қайталайды, Арджоманд (Shadow, б. 30) сияқты; тіпті Аннемари Шиммель (Annemarie Schimmel) Кубрауи́я кейде сунниттік және шииттік ислам арасында орналасқанын жазады ("The Ornament of the Saints: The Religious Situation in Iran in pre-Safavid Times," *Iranian Studies*, 7 (1977), б. 108).

119 Фатва/пәтуа (және шииттік жауап): Iskander Beg Munshi, *History of Shah 'Abbās the Great*, tr. Roger M. Savory (Boulder, Colorado: Westview Press, 1978; Persian Heritage Series, № 28), II, бб. 561-575 еңбегінде берілген.

‘Алидің үстемдігін мойындауы оның беделінің төмендеуіне ықпал еткен болуы мүмкін. Кубрауийа тариқаты суфийлік тариқаттардың ішінде ‘Алидің рухани үгісіне құрмет көрсеткен жалғыз тариқат емес, бірақ оның шииттікке қарсы Нақшбандийамен салыстырғанда беделі төмендеп кетті. Өйткені Нақшбандийаның силсиласы және қоғамдағы белсенді әрекеттері Абу Бакрдің рухани жолына негізделген еді.

Дәл осы мәселе Кубрауийа мен Нақшбандийа арасындағы даудың нақты себебі ретінде бұрын айтылған «Сирадж ас-саликиндегі» жазбада көрсетілген. Бұл деректе Шайх Лутфуллаһ Чустидің ізбасары – Маулана Мухаммад Мұқтари Ахангарани оның Ахмад Ходжаги-йи Касани қайтыс болғаннан кейін Самарқандқа көшкені туралы әңгімені атап өтеді.¹²⁰ Махдум-и А‘замның қалауы бойынша, ол Самарқандтағы «тариқат-и Ходжаган» жолын жаңғыртуды мақсат етті және бұл ісінде айтарлықтай жетістікке жетті. Шайх Лутфуллаһқа келгендердің арасында Шайх Хусайн Хорезмидің ізбасарлары болды. Сонымен қатар, олар қазір алғашқы үш халифаның рухани мәртебесін мойындау мәселесінде бөлінді. Бір топ алғашқы үш халифаның рухани жетілмегенін, тек ‘Али ғана «кемел және толық» екенін айтты. Шайх Лутфуллаһ оларға: «Егер сіздің шайхыңыз осындай пікірде болса, ол (шииттік) *мазһаб-и равафиз* іліміне жатады», деп жауап берді.

Егер Кубрауийа тариқатының ішкі доктриналық және «конфессиялық» біртұтастығы оны Нақшбандийамен бәсекелестікте әлсіз еткен болса да, Нақшбандийа шайхтарының да еңбегін мойындау керек. Кубрауийаның құлдырауы Нақшбандийа тариқатының белсенділігі мен күш-қуатының әсерінен де орын алғаны анық. Бұл белсенділік ұйымдастырушылық және әкімшілік істерде, сондай-ақ, әлеуметтік және саяси қатысуда көрінді. Сонымен қатар, ол зияткерлік тұрғыда да айқын болды. Осы салада Кубрауийа бәсекелес болмағаны былай тұрсын, Нақшбандийаның ықпалына түсті. Кубрауийа тариқаты Ходжа Ахрар немесе Ходжа Ислам Джуйбари сияқты ұйымдастырушылық данышпандары немесе Ходжа Мухаммад Парса немесе Махдум-и А‘зам сияқты зияткерлік деңгейі жоғары шайхтар шығара алмады. Саййид ‘Али Хамаданиден кейін, Хусайн Хорезмиді қоспағанда, Кубрауийа тариқатынан Орталық Азияда аймақтық, тіпті, халықаралық деңгейде танымал болған рухани түсініктеме немесе доктриналық тұжырымдамалар жасаған ешбір тұлға шыққан жоқ.

Керісінше, біз Кубрауийа шайхтарының карьераларының бастапқы кезеңдерінде Нақшбандийа шайхтарын іздегенін көреміз. Мысалы, Саййид ‘Абдуллаһ Барзишабади өзінің мистикалық жаттығуларын Ходжа Мухаммад Парсамен бастаған және Йа‘қуб Чархи мен басқа да Нақшбандийа және Йасауийа шайхтарына қатысы болған. Рашид ад-дин Бидавази де Парсаның ықпалында болды, ал Хусайн Хорезми Ходжа Ахрардың қызметіне кіруге үміттенді. Нақшбандийа тариқатының Орталық Азиядағы зияткерлік үстемдігінен, «Рийаз ал-аулийа» және «Джаддат ал-‘ашиқин» еңбектерінде Ходжа Мухаммад Парсаның шығармалары туралы Кубрауийа жазушыларының еңбектеріне қарағанда әлдеқайда жиі жазылады. Бір қызықты оқиғада Хусайн Хорезмидің өмірбаянында оның шәкірті,¹²¹ Илбарс ханның қызметіндегі Бектар Мирза атты бір тұлға туралы айтылады. Ол ханның диванында отырған кезде мистикалық ахуалдарға түсіп, өзін шөл далада Алланың алдында тұрғандай сезінген. Дегенмен, сырттай қарағанда ол басында қалпағы бар қарапайым өзбек ретінде көрінген. Бұл хикая Кубрауийа

120 Сирадж ас-саликин, пп. 101a-b.

121 Джаддат ал-‘ашиқин, пп. 70b-71a.

түсініктерінде емес, керісінше Нақшбандийаның атақты «халват дар анджуман» (топ ішіндегі оңашалық) идеясын көрсету үшін пайдаланылған. Бұл тариқаттың дүниелік істерге араласуға баса назар аударған негізгі қағидаттарының бірі болып саналады.

Орталық Азиядағы Кубрауийа тариқатының соңғы маңызды кезеңі Нақшбандийа идеяларының біртіндеп енуімен сипатталды. Бұл идеялар мистикалық шығармалар, Нақшбандийа шайхтарымен жеке байланыстар және ең маңыздысы, Орталық Азия қоғамында үстемдік еткен діни идеялар мен өрнектер арқылы таралды. Рухани ізденістерге бейім ең үздік ақыл-ойлар мен ең белсенді тұлғалар сол заманда сопылық идеалды дамыту үшін ең жақсы жолды ұсынған Нақшбандийа тариқатына тартылды. Осы тұрғыдан алғанда, Кубрауийа тек саяси жағдайлардың өзгеруіне немесе өзінің доктриналық ерекшеліктеріне ғана емес, сонымен қатар, интеллектуалдық тоқырауға ұшырап Нақшбандийа жолына тартымды балама ұсына алмағандықтан әлсіреді.



ИСЛАМ ТАРИХЫ, ӨНЕРІ
МЕН МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰАТТЫҚ
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

Қазақстан мен Орталық Азиядағы ислам және Йасауийаның мәдени тарихы

Девин ДиУис

Ыстамбұл-Түркістан 2025

ӘОЖ 297(574+575)

КБЖ 86.3(5Қаз)я73

Д-36

Алғы сөзін жазғандар: **Нұрлан Дүкенбаев, Махмуд Ерол Кылыч**

Баспаға дайындағандар: **Ұрқия Утепбергенова, Әшірбек Муминов, Нұрлан Дүкенбаев, Селахаддин Уйгур**

Девин ДиУис. Қазақстан мен Орталық Азиядағы ислам және Йасауийаның мәдени тарихы. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасы / Аударған: Камила Муминова. Баспаға дайындағандар: Ұрқия Утепбергенова, Әшірбек Муминов, Нұрлан Дүкенбаев және Селахаддин Уйгур. – Ыстамбұл, Түркістан: «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, IRCICA, 2025. – 688 б. – (Ислам өркениетінің тарихы бойынша дереккөздер мен зерттеулер сериясы; № 61)

ISBN: 978-92-9063-453-9

Бұл кітап Қазақстанның ислам мәдениеті мен жазба мұрасын зерттеу саласындағы маңызды жетістіктермен таныстыруды мақсат етеді. Девин ДиУис зерттеулерінің үлкен бөлігі қазақ тіліне аударылып, бір жинаққа біріктіріліп отыр. Америкалық ғалымның еңбектері Қазақстанның академиялық қауымдастығы үшін ерекше құнды. Себебі, оның зерттеулері нәтижелі, пайдаланған әдістері тиімді, қолданған ортағасырлық дереккөздері өте мол әрі сенімді. Осы жетістіктер отандық зерттеушілерге тың идея, жаңа бағытқа жол ашатыны анық.

ӘОЖ 297(574+575)

КБЖ 86.3(5Қаз)я73

ISBN: 978-92-9063-453-9

Sources and Studies on the History of Islamic Civilisation Series; no. 61

Cataloguing in Publication Data

Devin DeWeese. Cultural History of Islam and the Yasawiya in Kazakhstan and Central Asia. Translation from English into Kazakh / Foreword by Nurlan Dukenbayev and Preface by Mahmud Erol Kılıç. Transl. Kamila Muminova. Editors: Urqiya Utepbergenova, Ashirbek Muminov, Nurlan Dukenbayev and Selahaddin Uygun. Istanbul, Turkistan: National Historical and Cultural Museum-Reserve Azret Sultan, IRCICA, 2025. 688 pages.

© Copyright | IRCICA & National Historical and Cultural Museum-Reserve Azret Sultan
Istanbul, Turkistan 2025

Аударған: **Камила Муминова**

Баспаға дайындағандар: **Ұрқия Утепбергенова, Әшірбек Муминов,
Нұрлан Дүкенбаев, Селахаддин Уйгур**

Басып шығарған және түптеу жасаған: www.secilofset.com.tr

МАЗМҰНЫ

ӘУЕЛГІ СӨЗ (Н.М. Дүкенбаев)	7
АЛҒЫ СӨЗ (Проф. Махмұд Ерол Кылыч)	9
КІРІСПЕ (Проф. Девин ДиУис).....	11
Аңдатпа.....	13
Summary	15
Аннотация	17
Қысқартулар.....	19
1. Орталық Азиядағы Кубрауиһа тариқатының әлсіреуі.....	21
2. Орталық Азия тарихы туралы ескерусіз қалған бір дерек: XVII ғасырлық Йасауиһа ағиографиясы – «Манақиб ал-ахйар».....	55
3. Баба Камал Джанди және Орталық Азия түркілері арасындағы Кубрауиһа дәстүрі	65
4. Түркі машайықтары және Ходжаған: Йасауиһа және Нақшбандиһа сопылық дәстүрлері арасындағы байланыстарды қайта қарастыру	95
5. Тимурилер дәуіріндегі Йасауиһа шайхтары: XIV және XV ғасырлардағы сопылық қауымдардың әлеуметтік және саяси ролі туралы ескертпелер.....	117
6. Орталық Азиядағы XIX ғасырдың қасиетті шежірелер саясаты: Киелі орын құжаттары мен генеалогиялық шежірелердегі Ходжа Ахмад Йасауиһмен байланысты ұрпақ топтары.....	131
7. Йасауиһа тариқаты және XVII ғасырдың Орталық Азиядағы парсы ағиографиясы: ‘Алим Шайх ‘Алийабади және оның «Ламахат мин нафахат ал- қудс» еңбегі.....	155
8. Орталық азиялық бір қаланың қасиетті тарихы: XVIII-XIX ғасырлық Сайрам тарихы кітаптарындағы әулиелер, киелі орындар және шығу тегі туралы аңыздар	177
9. Қасиетті орындар және «қоғамдық» хикаялар: XVI-XVII ғасырларда Йасауиһа сопылық тариқатының ағиографиялық шығармаларындағы Ахмад Йасауиһ кесенесінің баяндалуы	217
10. XVI және XVII ғасырлардың басында Хорезмдегі Саййид Ата’и тобының ықпалы.....	235
11. Еділ-Орал аймағындағы исламдану мәселелері: Берке хан туралы дәстүрлер	263
12. Шайх Ахмад б. Худайдад Таразидің «Фунун ал-балаға» атты еңбегіндегі Науа’иға жол ашарлары: XV ғасырдағы Орталық Азия әдеби мәдениетінің ұмытылған бір дереккөзі.....	271
13. Мехмед Фуад Көпрүлүннің «Түрік әдебиетіндегі алғашқы мистиктер» кітабына алғы сөз	359
14. «Жария зикрі мен сама’ны негіздеу бойынша пәтуалар жинағына» алғы сөз.....	377
15. «Орталық Азиядағы исламдану мен киелі шежірелер» кітабының екінші томына алғы сөз.....	383

16. Ортағасырлық сопылық қауымдастықтардағы ұстаз бен шәкірт арасындағы ауыزشа мәміле мен қарым-қатынас (Иран және Орталық Азия, XII-XV ғасырлар)	403
17. Исламдағы діни авторитет.....	419
18. Йасауи, Ахмад.....	439
19. Кеңес дәуірі зерттеулеріндегі Ахмад Йасауи және «Диуан-и хикмат»	443
20. Қалдықтар стратегиясы: Орталық Азиядағы мұсылманның діни өмірі туралы кеңес этнографиялық зерттеулерінде кездесетін діни «қалдықтар» ұғымы туралы ойлар	471
21. XVI-XVIII ғасырлардағы Йасауи дәстүрінің Дашт-и Қыпшақтағы ықпалы	489
22. Ахмад Йасауи Бурхан ад-дин Қылычтың еңбегінде: танымал дегенмен белгісіз болып келген бір орталықазиялық сопы әулиеге жасалған ең ерте сілтеме	519
23. XIV-XV ғасырлардағы сопылық қауымдастықтарының араша болу мүдделері: Нормативтілік спектріндегі «махдилікті» заңдастыру стратегиялары.....	551
24. Қожа Ахмад Йасауи исламды таратушы әулие ретінде: Орталық Азия түркілерін исламдандырудағы сопылардың рөлін қайта қарастыру	571
25. Орталық Азия түркілері арасындағы Ахмад Йасауидің шәкірттері: ерте көзқарастар, қарама-қайшы дәлелдер және Йасауи сипаттарының пайда болуы	589
26. Алтын Ордадағы хорезмдік бір әулие: Көзлук Ата (Гөзли Ата) және исламдандудың әлеуметтік бағыттары	603
27. Тоқтамыш.....	627
28. Моңғол империясындағы мәдени хабардың таралуы мен алмасуы: Ибн ал-Фуватидің биографиялық сөздігінен алынған ескертпелер.....	635
29. Моңғол империясындағы исламдану	649
Пайдаланылған дереккөздер	661
КӨРСЕТКІШТЕР	
Кісі аттарының көрсеткіші	669
Географиялық атаулардың көрсеткіші.....	679
Шығарма атауларының көрсеткіші.....	682
Терминдер көрсеткіші	685
Әулеттер, сопылық тариқаттар және бөлімшелердің көрсеткіші	687